



## Өзара байланыстарды талқылады



**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Иран Президенті Ибрахим Раисимен телефон арқылы сөйлесті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.**

Иран тарапының бастама-сымен өткен әнгімелесу барысында мемлекеттер басшылары екіжақты қатынастың қазіргі жағ-

дайы мен перспективаларын талқылады.

Президенттер екі ел арасында дипломатиялық қатынастар орнаған

сәттен бері 30 жыл ішінде ынтымақтастықтың әртүрлі саласы бойынша айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілгенін атап өтті. Сонымен қатар Қазақстан мен Иранның қос-басшылары сауда-экономикалық және ықпалдастықтың басқа да бағыттарындағы байланыстарды одан әрі нығайтуға күш салу қажет деп санайды.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Қасіретті қаңтар» оқиғаларына қатысты алаңдаушылық танытып, ниеттестік танытқаны үшін Ибрахим Раиси мен иран халқына ризашылығын білдірді.

Мемлекет басшысы еліміздегі жағдайдың тұрақталғанын атап өтіп, әлеуметтік-экономикалық қайта құрудың жаңа стратегиясын жүзеге асыру шаралары қабылданғанына тоқталды. Президенттің айтуынша, Қазақстан халқы болашаққа нық сеніммен қарайды.



## ЖЕРГІЛІКТІ ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫ ТАПСЫРДЫ

**Мемлекет басшысы «Лукойл» мұнай компаниясының президенті Вагит Алекперовті қабылдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.**

Қасым-Жомарт Тоқаевқа мұнай компаниясының Қазақстандағы атқарып жатқан жұмыстарының қорытындылары және көмірсутегі секторындағы бірқатар бірлескен жобаларға қатысты жоспардың жүзеге асырылу барысы туралы есеп берілді.

Вагит Алекперов Қазақстан Президентіне «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы мен «Лукойл» жария акционерлік қоғамы арасындағы Каспий

теңізінің қазақстандық бөлігін игеру жөніндегі жобалар бойынша ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанын айтты. «Жеңіс» және «Эл-Фараби» жобалары аясындағы жер қойнауын пайдалануға қатысты келісімшарттар жасалып, жұмыстар басталды. Сондай-ақ «Лукойл» мұнай компаниясы – «Қаламқас-теңіз» бен «Хазар» теңіз кен орындарын игеру жөніндегі стратегиялық серіктес.

Мемлекет басшысы қосалқы мердігерлік жұмыстарды жүзеге асыруға қазақстандық компаниялар мен жергілікті еңбек ресурстарын барынша тарту маңызды екенін атап өтті.

## ПРЕЗИДЕНТ ЖАРЛЫҒЫ

**Ғ.О.Пірмаговты тағайындау туралы**

Ғалымжан Олжаұлы Пірмагов Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті

Қ.Тоқаев

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 3 ақпан

## ПРЕЗИДЕНТ ҚЫТАЙ БАСШЫСЫМЕН КЕЛІССӨЗ ӨТКІЗЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай астанасы Бейжің қаласына ұшып келді. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook-та жазды.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің шақыруымен Бейжің қаласына жұмыс сапарымен келді.

Мемлекет басшысы XXIV қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанатына қатысады. 5 ақпанда Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпин келіссөз өткізеді. Келіссөз барысында Қазақстан мен Қытай арасындағы жан-жақты стратегиялық ынтымақтастықтың даму перспективалары талқыланып, – деп жазды Б.Уәли.

## Көлік алу неге қиын?

Жаңа көлікке жайғасысы келетіндер жеңілдетілген автосесиеден дәмеліп жүр. Жоспар бойынша бағдарлама наурызда басталуы тиіс. Бірақ отандық автонарықтың аянышты ахуалын қайтпекпіз? Бағдарламаға қатысуға жазда қаңырап бос тұрған автосалондар қауқарлы ма? Қазір жаңасын қойғанда деңгелегінің білігі дірілдеген көне техниканың өзі «әкесінің құнын» сұрайды. Қазақстанда көлік арзандайтын күн қашан?



**ЖАҢА КӨЛІКТІ ҚАЙДАН ТАБАМЫЗ?**

Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Қарағанды, Атырау қалаларындағы автосалондарға хабарласып, жұрттың сұранысындағы Chevrolet Cobalt, Chevrolet Nexia, Hyundai Accent, Toyota Camry және Hundai Elantra көліктерін

сұрастырдық. Көзіміздің жеткені автомобиль салондарындағы жаңа көліктер тапшылығы әлі шешілмеген. «Жаңа көліктер қашан келеді?» деген сұрағымызға автодилерлер мардымды жауап бере алмай отыр. Бірқатар автомобиль брендтеріне тапсырыстар қабылдап жатқан жоқ.

«Hyundai Accent жоқ. Қашан келетіні де беймәлім. Тапсырыс та қабылдамаймыз. Hyundai Elantra ғана бар. Құны 9 миллионнан асады. Басқа көліктердің бәрі жүрілген» деген жауап алдық елордалық автосалондардың бірінен.

(Жалғасы 5-бетте)

## Тұлғалар да банкрот болатын заман туды

Халық берешекке белдескен батты: азаматтардың қарызы 11 триллион теңгеге жеткен! Бұл – ел бюджетіне жетеқабыл. Озық елдер борыш батпағына батқандарға шыңыраудан өркеніетті жолмен шығуға мүмкіндік береді. Қазақстанда банктер мен қаржылық топтардың мүддесін ілгерілеткен шенділер Мәжілістің «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» заңын қабылдау бастамасын бұғаттап келді. Содан тұйықтан шығар жол таппаған қаншама жан өзіне қол салып, өмірімен қоштасты. Енді Президенттің пәрменімен тиісті тетік ақыры іске қосылмақ.

### ОЗЫҚ ТЕТІКТІ НЕГЕ ӨЗЕККЕ ТЕПТІ?

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өзін-өзі қасақана өлтіру деңгейі бойынша рейтингінде (Suicide in the World) Қазақстан жаһандық алғашқы ондыққа кіреді. Ересектердің өзіне-өзі қол салуына негізінен, жалғыздық пен қарыз себеп болатын көрінеді. Қарыз құрдымына құлап, одан шыға алмай қиналған бірқатар адам отбасын, бала-шағасын тауқыметтен құтқарудан, берешегін өзімен бірге ала кетуден үміттеніп, асылып қалды, бйіктен қарғыды,

өзін-өзі өртегендер де болды. Әрине, бұл тығырықтан шығар жол емес, өйткені банктер оның қарызын отбасы мүшелеріне «мұраға» өткізіп, солардан талап етуі мүмкін. Дамыған елдерде берешек ауыртпалығын көтере алмаған адамдарға одан заңды жолмен арылуға мүмкіндік береді. Мысалы, Дональд Трамптың өзі 6 рет банкроттау рәсімдерінен өтіпті. Сот оның бірнеше миллиард қарызын кешірген деседі. Бұл оның 2017 жылы АҚШ-тың 45-ші Президенті атануына еш келергі

болмады. Сондай-ақ атақты Уолт Дисней, Голливуд жұлдыздары Николас Кейдж, Линдси Лохан, Джонни Депп, Ким Бассингер, танымал әншілер Майкл Джексон, Тони Брэкстон, боксшы Майк Тайсон, NHL, NBA жұлдыздары және басқа саладағы танымал тұлғалар өзін банкрот деп жариялады. Америкада ондай тұлғаны «сынған адам» деп атайды. Бірақ осы рәсімді бастан кешіргендердің көбі өмірін «таза парактан» бастауға мүмкіндік алды.

(Жалғасы 4-бетте)



## Кадр тапшылығы қайдан шықты?




«Қаңтар трагедиясынан» кейін елімізде Үкімет құрамы өзгерді. Дегенмен жаңа құрамға енген тұлғалардың тізіміне қарап, басым бөлігі бұрыннан әртүрлі лауазымды қызметтерді атқарып жүрген, жұртқа жүзі таныс жандар екенін аңғардық. Осыдан кейін қоғам көкейінде сұрақ туындады. Көбі Үкімет құрамы қайтадан ескі кадрлардан жасақталып, «өзгеріс болмағанын» айтып жүрді.

3»

## YouTube ұлтты ұйыта ма?

Бала біткеннің көбі YouTube-қа телміріп отыр. Мұны ата-аналар да жасырмайды. Жақында Kaspersky сарапшылары балалар көп уақытын жұмсайтын бірнеше әлеуметтік желіні анықтаған екен. Олардың ішінде бірінші орында – YouTube. Одан кейін WhatsApp пен TikTok-қа байланған. Ал ол әлеуметтік желілердің балаларға ұсынып отырған контенті қандай? Мәселе – осында.

Статистикаға сүйенсек, 2021 жылы бүкіл әлем бойынша балалар YouTube-тан ойындарға қатысты контентті жиі іздеген. Атап айтқанда, мобильді ойындарға қатысты видео түсіретін блогерлердің арнасы көп қаралым жинаған. Ең танымал ойын қатарында Minecraft тұр. YouTube-тағы танымал топ-3 арна қатарында MrBeast, EdisonPs және Paluten бар. Ал ең танымал ойындардың ондығына алғаш рет Genshin Impact және Poppy Playtime ойындары кірді.



6»



## Сенат Ұлттық банк төрағасын тағайындауға келісім берді

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен өткен палата отырысында сенаторлар ел Президентінің Ұлттық банк төрағалығына Ғалымжан Пірматовты тағайындауына келісім берді. Депутаттар алдында Мемлекет басшысының ұсынуын Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Тимур Сүлейменов оқып берді.

Сонымен қатар отырыс барысында сенаторлар «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қабылдады. Бұл заңға Парламент депутаттары бастамашы болған еді.

Заң халықаралық шарттарға қатысты заңнамадағы олқылықтар мен нормалардың қайшылығын жоюға мүмкіндік береді. Сондай-ақ онда «дәйектеу», «халықаралық шарт жасасу», «қол қою» және «өкілеттіктер» ұғымдары нақты анықталған.

«Қабылданған заң халықаралық шарттарды жасасу тәртібінің жекелеген ережелерін нақтылайды. Сондай-ақ халықаралық шарттарды жасасу аясында тиісті рәсімдерді жетілдіруді көздейді», – деген Мәулен Әшімбаев осы заңды әзірлеген Парламент депутаттарына алғыс білдірді.

Сонымен қатар палата отырысында сенатор Бейбіт Исабаев ант берді. Одан бөлек, бірқатар депутат Үкіметке өз сауалын жолдады.

Атап айтқанда, Дәурен Әділбеков қарапайым және түсінікті тетіктермен ШОБ-ты мемлекеттік қолдаудың бірінші ережелерін әзірлеуді ұсынды. Сондай-ақ кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдаудың бірінші ақпараттық порталын құру туралы сөз қозғайды.

Ал Ақмарал Әлназарова тиісті әрі жүйелі дайындықсыз және мәселені мұқият зерттемей жатып АИТВ (ВИЧ) инфекциясының диагностикасын бәсекелес ортаға бермеуді сұрады.

Өз кезегінде Бауыржан Қаниев еліміздің импортқа тәуелділігін төмендету үшін резервтік қорлар құру қажеттігін айтты.

Әбделі Нұралиев қосалқы және ұсақ шаруа қожалықтарына мемлекеттік қолдау көрсетуді арттырудың маңыздына назар аударды.

Өз сауалында Нұрлан Бекназаров тұрғын үйді жалға алу үшін өтемақы ала алатын ішкі істер органдары қызметкерлерінің тізбесін кеңейту мәселесін көтерді.

Нұрлан Бекенов электр және жылу энергиясының тапшылығына байланысты Көкшетауда ЖЭО құрылысын жеделдетуге шақырды.

А.СҰЛТАН

## Алматыда 19 нысанның құрылысы тоқтатылды



Алматылықтар талмай көтеріп келе жатқан мәселенің бірі – қала ішінде заңсыз жүріп жатқан ірі құрылыс нысандарының жұмысы. Енді қаладағы осынау мәселе шешілетін сыңайлы. Метрополитеннің жаңа әкімі Ерболат Досаев 19 құрылыс нысанының жұмысын тоқтата тұруға шешім қабылдады.

Негізі, қаладағы заңсыз құрылыс мәселесі бір кездері Президенттің құлағына да жеткен. Артынша Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың 2019 жылғы 29 қазандағы тапсырмасымен қаладағы

жер телімдерінде құрылыс жүргізуге тыйым салынған еді. Бірақ қолданыстағы заңнама мен Мемлекет басшысының тапсырмасын бұзып жатқан заңсыз әрекеттер анықталып отыр. Осыдан кейін

де, соған дейін құрылысын бастап қойған кейбір ірі құрылыс компаниялары әкімдіктің шешімдеріне қарсы сотқа шағымданумен уақыт өткізіп келе жатқан болатын. Өкінішке қарай, заңға сәйкес тұрғындар мен әкімдік қанша жерден талап етсе де, соттың соңғы шешімі шыққанға дейін құрылысы біржола тоқтату мүмкін болмай келген.

Күні кеше қалаға жаңадан тағайындалған әкім Ерболат Досаев барлық мән-жай анықталғанға дейін белгілі 19 нысанның жұмысын тоқтатуға шешім қабылдады. Оның ішінде көптен бері дауға айналған Самал-3 шағынауданы мен Достық 125 учаскесі де бар.

Естеріңізде болса, жақында осындай құрылыс алаңында мұнаралы кран құлап, кран машинисі көз жұмған болатын. Сол кезде қала ішінде нүктелі құрылыс басындағы мұнаралы крандардың 70-80 пайызының пайдалану мерзімі өтіп кеткені айтылған.

Нұрболат АДЫРБЕК,  
Алматы

## 12 вагон жолдан шықты

Биыл 1 ақпанда сағат 13.55-те Қарағанды облысында пойыздың 12 вагоны жолдан шығып кетті. Вагондарға астық тиеліпті.

«Қазақстан темір жолы» компаниясы өкілдерінің мәліметіне қарағанда, вагондардың рельстен шығуына байланысты бірқатар стансада қозғалыс кідірген. Дегенмен Сарышаған, Шу, Балқаш стансаларының жұмысы қалыпқа келтіріліп жатыр.

«Бүгінге дейін Жамбыл ЖТ бөлімшесі Мойынты – Сарышаған учаскесінің Новалы стансасында пойыздар қозғалысы толық қалпына келтірілді», – деп хабарлады ҚТЖ мамандары. Апат салдарын жою үшін 200-ге жуық теміржолшы еңбек етті. Оқиға орнында «Қазақстан темір



жолының» арнайы құрылған комиссиясы жұмыс істеп жатыр. Пойыздар қозғалысы ашылды. Пойыздың жолдан шығуына Рес-

сейге тиесілі вагонның бүйір рамасының сынуы себеп болған. Шығынды кінәлі тарап өтейді.

Н.БАҚЫТ

## Парламент жұмысының ашықтығы артады

Мәжіліс Спикері Ерлан Қожановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар асылтұқымды мал шаруашылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Сонымен қатар өзге де бірқатар заң жобасы қаралып, мақұлданды.



Мәжіліс Төрағасы күн тәртібіне кіріспес бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқан «Жаңа Қазақстан» құру жолында Парламентке артылар жүк те, жүктелер жауапкершілік те өте зор екенін атап өтті.

Сондықтан осынау сындарлы кезеңде халық сенімінен шығып, Президент бастамаларын барынша қолдау – біздің басты міндет. Сайлаушылар тарапынан депутаттарға қойылатын талап қашан да жоғары екенін өздеріңіз білесіздер. Әсіресе, кешегі қантар оқиғасы – бүкіл еліміз үшін үлкен сын. Күн тәртібінде тәуелсіздігіміз мен мемлекетіміздің тұтастығын сақтап қалу мәселесі тұрды. Елдігімізге қауіп төнген осы сын сағатта Мемлекет басшысы барлық жауапкершілікті өзіне алып, батыл шешімдер қабылдады, – деді палата Спикері.

Осыған орай Мәжіліс Төрағасы Президентіміз халық қауіпсіздігі мен мемлекет мүддесі бәрінен биік екенін өз ісімен дәлелдегенін, ендігі жерде бұл талап, әсіресе біз үшін басты қағида болуына назар аударды.

Бірінші кезекте, Парламент жұмысының ашықтығын қамтамасыз етуіміз қажет. Халық сайлаған депутаттар, ең алдымен өз сайлаушыларына жақын болуы керек. Қоғамның үнін естіп, халықтың тілін түсіну және дер кезінде шаралар қабылдау – кез келген келенсіздіктің алдын алудың негізгі алғышарты. Сондықтан алдағы уақытта депутаттар корпусының азаматтық сектормен, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен, әсіресе өңірлердегі қоғам белсенділерімен тығыз байланысын одан ары жандандыратын боламыз. Бұл – Президент бекіткен «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын нәтижелі жүзеге асырудың басты ұстанымы. Алдымызға қойылған жаңа міндеттерді табысты орындау үшін азаматтық қоғаммен қатар, мемлекеттік органдардың барлық тармақтарымен, соның ішінде Сенатпен, Үкіметпен, сот саласымен өзара тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейміз, – деді Е.Қожанов.

Сонымен қатар палата Төрағасы жұртпен қарым-қатынас, олардың мүдделерін қорғау біздің

күнделікті жұмысымыздың негізі екеніне баса назар аударды.

Депутаттардың сайлаушылармен тиімді жұмыс істеуі үшін біз барлық жағдайды және қосымша мүмкіндіктерді жасауымыз қажет. Мүмкін халықпен кездесу форматын қайта қарауымыз керек шығар. Тамыршыдай тап басып, жұрттың мұн-мұқтажын білу және заңдар қабылдау арқылы олардың көкейкесті проблемаларын шешу үшін біз сайлаушылармен жиі кездесуге тиіспіз. Жұмысымызда осы принциптерді басшылыққа ала отырып, біз бүкіл қазақстандықтардың мүдделерін лайықты білдіре аламыз деп сенемін. Біздің мақсатымыз – айқын, міндетіміз – ортақ. Ол – елдің дамуына, халықтың әл-ауқатын арттыруға арналған барлық бастамаларды сапалы заңдармен қамтамасыз ету. Осы жолда, құрметті депутаттар, бірлесе еңбек етіп, тиісті нәтижелерге жетеміз деп сенемін, – деді Мәжіліс Спикері.

Одан әрі отырыс барысында депутаттар асылтұқымды мал шаруашылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады.

Сонымен қатар депутаттар «Еуразиялық экономикалық одақтың кенедік аумағы арқылы қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізу туралы келісімді ратификациялау туралы» заң жобасын да мақұлдады.

Келісім Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара саудасын жүзеге асыру кезінде ЕАЭО кенедік аумағы арқылы үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізуге байланысты қатынастарды реттейді.

Сондай-ақ отырыста Мәжіліс депутаттары «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» конституциялық заң жобасына Сенат енгізген өзгерістермен келісті.

А.СҰЛТАН

## Электр қуатының бағасы өспейді

Қазақстанда өзірге электр энергиясының бағасы өспейтін болды. Яғни, қуат бағасы 2021 жылғы деңгейде қалады. Бұл туралы Энергетика министрі Болат Ақшолақов орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мәлім еткен.

Министр бағаны реттейтін нақты тетіктерді қолданысқа енгізу үшін Президент шешімімен 180 күн белгіленгенін айта келе: «Жоспар бойынша жеткен шешіміміз 2022 жылы электр қуатының бағасы 2021 жылғы деңгейде сақталады. Оған қосымша жаңа тәртіп пен әдістер әзірленіп жатыр. Бұл – электр қуатымен толықтай жабықтау және ұлттық электр жүйесінің тұрақтылығын сақтау. Бұл екеуі – ең маңызды мәселе», – деді.

Сонымен қатар ол майнинг фермалар цифрлық өндірісі де салада тапшылық туғызып жатқанын айтты. Олармен күрес елдегі электр қуатын аккумуляциялана-



тын генерацияның көлемін ұлғайту шараларымен қатар жүруі тиіс. Сондықтан майнерлердің жолын кесу үшін қосымша жұмыс жүргізілмек. Бірінші кезекте генерацияны көбейтуді жоспарлап отырған көрінеді. «Әрине, майнерлер, басқа да заңсыз қосылушылар салаға әсер етіп, тапшылық туғызып жатыр. Олардың жолын кесу үшін қосымша жұмыс жүргіземіз. Бірақ дефицит болмас

шын ең бірінші генерацияны көбейтуіміз керек. Екіншіден, электр жүйелерінің сапасын көтеругіміз қажет. Сол жұмыстың бәрін біз берілген 180 күннің ішінде әзірлеп, іске қосамыз. Баға жағынан айтсақ, биыл электр қуатының ақысын 2021 жылдың деңгейінде сақтауға тырысамыз», – деді министр.

А.СҰЛТАН

## Өзгенің көлігін айдап кету көбейді

Polisia.kz сайтының жазуына қарағанда, Нұр-Сұлтан қаласында көлікті айдап кету деректері жиілеген. Жыл басынан бері осындай 15 дерек тіркеліпті.

Арнайы талдау көрсеткендей, жыл басынан бері елордада өзгенің көлігін айдап кету фактілері былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 5 есе өсіпті. Былтыр жаңа жылдан кейінгі бір айда мұндай 3

дерек қана тіркелген. Биыл олардың саны 15-ке жетіп отыр. Жедел іздестіру іс-шаралары барысында барлық көлік құралдары табылып, иелеріне қайтарылды.

Дегенмен көліктен зат ұрлау деректері былтырғыға қарағанда аз екен. Мәселен, былтыр қантар айында автокөліктен зат ұрлаудың 21 дерегі тіркелсе, осы жылы 9 ұрлық тіркелген.

А.СҰЛТАН

## ПАРТИЯНЫҢ АТҚАРУШЫ ХАТШЫСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



«Nur Otan» партиясының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қаулысымен партияның Атқарушы хатшысы болып Асхат Раздықұлы Оралов тағайындалды. Бұл туралы «Nur Otan» партиясының ресми сайтында жарияланды.

Асхат Оралов 1990 жылы Павлодар облысында дүниеге келген. 2008 жылы Павлодар қаласындағы дарынды балаларға арналған №3 гимназиясын бітірген.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін «Аударма ісі» (бакалавр), РФ СІМ Мәскеу мемлекеттік

Халықаралық қатынастар университетін «халықаралық қатынастар» (магистр) мамандығында бітірген. «Халықаралық қатынастар» мамандығының PhD докторы атағын да Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-де алған.

Ол 2019 жылдың желтоқсанынан бері Президенттік жастар кадр резервінің мүшесі.

Еңбек жолын 2011 жылы Л.Гумилев атындағы ЕҰУ әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаментінің жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің бас маманы қызметінен бастаған.

2013-2016 жылдары – Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті протокол бөлімінің аға маманы.

2014-2016 жылдары – «Nur Otan» партиясы «Нұр» филиалы төрағасының бірінші орынбасары.

2016-2017 жылдары – «Астана қаласының жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ басшысының міндетін атқарушы.

2017-2018 жылдары – «Астана қаласының жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ басшысы.

2018 жылғы қаңтар-тамыз аралығында – ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі Жастар саясаты департаментінің директоры.

2018 жылғы тамыз – 2019 жылғы сәуір аралығында ҚР Қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті төрағасының орынбасары.

2019-2020 жылдары – Павлодар облысы әкімінің орынбасары.

2020 жылғы шілде – 2021 жылғы шілдеге дейін Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі.

2021 жылғы 12 шілдеден бүгінге дейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқарды.

Мейірім БАҚЫТЖАНОВА

Асхат ОРАЛОВ:

Жаңа идеялар мен ұсыныстарға құлақ асуға дайынмын



«Nur Otan» партиясының Атқарушы хатшысы Асхат Оралов Facebook-тегі парақшасында мәлімдеме жасады.

«Құрметті достар! Кеше «Nur Otan» партиясының Атқарушы хатшысы ретінде жұмысқа кірістім.

Ең алдымен, Қазақстан Республикасының Президенті, партия Төрағасы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа сенім артқаны үшін алғыс айтқым келеді. Бұл мен үшін үлкен жауапкершілік.

Алдымызда атқаратын жұмыстар көп. Партияның алдында тұрған міндеттерді орындауға бар күш-жігерімді саламыз.

Елорда әкімдігіндегі барлық әріптестеріме, бірлесе атқарған жұмыс үшін алғыс білдіремін.

Жаңа идеялар мен ұсыныстарға әрқашан ашықпыз!», – деп жазды ол.

## Оқу орнына күрделі жөндеу жүргізіледі



«Nur Otan» партиясының Павлодар облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары И.Теренченко және партияның депутаттық фракциясының мүшелері Д.Айтжанова, Г.Олжатай, М.Қымбатов, Г.Нұрханова қаладағы «Павлодар қызмет көрсету саласы колледжіне» барды.

Бүгінде аталған оқу орнында 300-ге тарта болашақ маман иелері «Шаштараз өнері және сәндік косметика», «Тігін өндірісі және киім үлгілері» мамандықтары бойынша білім алады. Бірінші курста – 151, екінші курста 141 студент оқиды. Оның ішінде жетімдер мен мүгедектер бар.

Колледж директоры Азамат Қашитов қазір техникаларды заман талабына сай жаңарту қажет екенін айтады. Демеушілердің арқасында тігін машиналары алынған. Білім ошағында студенттер арасында түрлі сайыстар өткізіледі. Осы бастаманы депутаттар да қолдап, демеушілік көрсетуіне ниет білдірді.

Мұнда ағаш шеберханасы да бар. Алдағы уақытта осы бағытта маман дайындау жос-

парланған екен. Тұрмысқа қажетті сапалы өнімдер дайындалмақшы.

Оқу орны директорының айтуынша, 1976 жылы пайдалануға берілген ғимаратқа бүгінгі күнге дейін күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Оқу-өндірістік шеберханаларының жағдайы нашар.

«Төбеден су ағады, еден бетоннан, желдеткіштер мен есік-терезелері, жылыту құрылыстары істен шыққан. Спортзалдар мен мәжіліс залдарының едендерінің еден тозығы жетіп, қолданысқа жарамай қалған. Егерде бос тұрған бөлмелерді жөндеп, іске қосатын болса, онда арнайы кабинеттер мен студенттер жататын орындар жасақтауға болар еді», – дейді Азамат Өмірзақұлы.

Қазір оқу ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу үшін жалпы сомасы 685 млн 386 мың теңгенің жобалық-сметалық құжаттамасы жасалған. Облыстық мәслихат депутаттары бұл құжаттарды өндіріске енгізу үшін мәслихат қарауына жіберуді ұсынды.

Би-Барыс КӨКШЕ

## Әлеуметтік осал топтарға қамқорлық керек



«NUR OTAN» АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІН ОҢ ШЕШТІ

«NUR OTAN» ЭФФЕКТИВНО РЕШАЕТ ВОПРОСЫ АЛМАТИНЦЕВ

Нұротандықтар халықтың әлеуметтік осал топтарына көмек көрсету мәселелеріне ерекше мән береді. Осындай бір игілікті шара «Nur Otan» партиясы Алматы қалалық филиалының Алатау ауданында орналасқан Қоғамдық қабылдау бөлімінде жүзеге асты.

Қабылдау бөлмесіне «Мүзбалақ» мүгедектер қоғамында қызмет ететін ерлі-зайыптылар Майшиевтер өтініші айта келген. Бұл отбасының отағасы да, оның жұбайы да І топтағы мүгедек. Кембағал жандар партия филиалына үйлеріне интернет қызметін қосу өтінішімен жүгінді. Мәслихат депутаты, кәсіпкер Нұрымбек Тау бұл отбасының баспанасын интернет-байланыс қызметіне қосу үшін интернет-провайдерге 66 мың теңге төледі.

Ал партияның Алматы аудандық филиалының Қоғамдық қабылдау бөліміне бала кезден ІІ топтағы мүгедектігі бар Қ.Баев «Қазпошта» АҚ-ның үстінен шағымданған. Себебі аталған мекеме арызданушыға мүгедектігі бойынша төленетін мемлекеттік жәрдемақының берілуін кешіктірген. «Қазпошта» АҚ қызметкерлері өз кінәларын мойындап, арызданушыдан кешірім сұрады және сол күні жәрдемақыны алу үшін қажетті құжаттарды рәсімдеп берді.

Б.КӨКШЕ

## Кадр тапшылығы қайдан шықты?

«Қаңтар трагедиясынан» кейін елімізде Үкімет құрамы өзгерді. Дегенмен жаңа құрамға енген тұлғалардың тізіміне қарап, басым бөлігі бұрыннан әртүрлі лауазымды қызметтерді атқарып жүрген, жұртқа жүзі таныс жандар екенін аңғардық. Осыдан кейін қоғам көкейінде сұрақ туындады. Көбі Үкімет құрамы қайтадан ескі кадрлардан жасақталып, «өзгеріс болмағанын» айтып жүрді. Әйткенмен оның себебі тереңде жатқан сыңайлы. Елімізде жоғары лауазымдарға тағайындалатын кадр тапшы. Ал бұл жағдайға қалай жеттік, алдағы уақытта не істемек керек?

Таяуда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Хабар 24» телеарнасына сұхбат бергенін білеміз. Жоғары лауазымды тұлғаларға қатысты кадр тапшылығы сол кезде айтылған болатын. Рас, ел арасында сан түрлі пікір бар. Үкімет құрамының аса бір жаңармағанын ескеріп, «бәрі бұрынғы қалпында қалды» деп айтушылар көп. Президент мәселеге жеке тоқталып, оның себебін де түсіндірді.

«Мен кадрларды жаппай ауыстыруға қарсымын. Оларды біліктілігі мен жұмыс сапасына қарап бағалау қажет. Жұртшылықтың талабымен Үкімет құрамын 100 пайыз ауыстырып, «міне, мен революционермін» деу – менің әдісім емес. Екінші жағынан, кадрлар арасында тандау көп емес екенін мойындау керек», – деген еді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Демек, жағдай кей жұрт ойлағандай емес тәрізді. Тандау көп болмаса, кадр дефициті бар деген сөз. Осыдан кейін Жастар кадр резерві ойға түседі. Оның құрамына енген жастар қайда қалды? Бұндай сауалдар өте көп. Сондықтан тереңіне үйлемек ниетпен саясатқа қатысты жағдайды бағамдай алатын сарапшылардың пікірін білдік.



Дилшан БАЙМЕНОВ,  
Астана мемлекеттік қызмет  
хабының басқарушы  
комитетінің төрағасы:

БІЛІМНЕН БҰРЫН  
СЕНІМГЕ СҮЙЕНЕДІ

– Негізінен Қазақстанда қай саланы болса да басқарып кете алатын білімі мен білігі, тәжірибесі жететін мамандар көп. Бірақ әлемдік тәжірибеге сүйенсек, Президент Үкімет мүшелерін немесе басқа саяси лауазымдағы адамдарды тағайындағанда олардың білімінен бұрын



сенімге сүйенеді. Дамыған елдерде саяси лауазымдағылардың бірінші міндеті – өз саласында немесе аймақта Мемлекет басшысының саясатына қоғамдық қолдауды қамтамасыз ету. Бұндай қабілет арқылы сенімге жету үшін олар өздерін ашық қоғамдық-саяси алаңда көрсете алуы тиіс. Сол себепті тағы да әлемдік тәжірибеге қарасақ, елдегі кадр әлеуетін дұрыс пайдалану үшін әділ бәсекелестік негізделген саяси жүйе, әділ және ашық сайлау қажет. Мысалы, сонау 90-жылдары Жоғарғы кеңес құрамында болғандардың ішінен көптеген Үкімет мүшелері мен әкімдердің шыққаны осыған байланысты.

Қорыта келгенде, екі түрлі талапты айтуға болады. Біріншіден, әділ сайлаулар өтіп, халықтың тезінен өткен кадрлар көзге көрінетін саяси жүйе қажет. Екіншіден, жанару, жаңғыру жолында дарынды жастарды тарту маңызды. Оған қоғам да дайын болуы керек. Мысалы, таяуда ғана Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары болып 31 жастағы жас қыз тағайындалды. Соған байланысты түрлі пікірлер айтылып жатыр. Соның өзі қоғамның бір бөлігінің жаңғыруға дайын емесін көрсетсе керек. Ал кейбіреуі әдейі қарсыласуы мүмкін.

«А» корпусы жайлы сөз етер болсақ, ол да әлемдік тәжірибеде бар дүние. Сенім негізінен тағайындалған саяси тұлғалар мен білім және білігі арқылы тағайындалған кәсіби кадрлар арасында дәнекер

болып, мемлекет мүддесін қорғайтын, стратегиялық жоспарларды іске асыратын жауапты хатшылар, аппарат жетекшілері тағайындалды. Ол лауазымдарға іріктеу 2012, 2013 және 2014 жылдары жария жүрді. Бірақ саяси тұлғалар тарапынан қарсылық та болды. Себебі «А» корпусындағы жауапты хатшы, аппарат жетекшілері конкурстан өткен соң 4 жылға келісімшарт жасайтын. Жаңа әкім не министр келсе, келісімшарт мерзімі бітпей оларды орнынан қозғай алмайтын. Қарсылық көп болған соң ақыры жауапты хатшылар лауазымы жойылды. Ал Қазақстанның сол кездегі «А» корпусын жасақтаудағы тәжірибесі ең дамыған 35 ел құрамында бар Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы тарапынан жоғары баға алған еді.

Кадр әлеуеті тек мемлекеттік қызметке іріктеу жүйесіне байланысты емес. «Матрешка» деген ойыншықты білеміз. Бұл да сол сияқты. Ең сыртында саяси жүйе тұрады, оның ішін ашсаныз әкімшілік жүйе шығады, тағы ашсаныз мемлекеттік қызметті көресіз. Сондықтан алтын аламыз таңдасаныз да ол бәрібір саяси жүйенің шектеуіне келіп тіреледі. Оны өзгертуге саяси реформалар мен сайлау қажет.

Сөз соңында айтарым, «Қасіретті қаңтардан» кейін тез арада ырғақты жұмысты жалғастырып кету үшін қолда бар кадрларды пайдаланғанын түсінуге болады. Бірақ олар жаңа бетбұрыс жасап, нәтиже көрсетпесе, «Қасіретті қаңтардан» кейін қуатын

сезінген қоғам да, сол кездері бар жауапкершілікті алған Президент те мұқият қадағалап, әділ бағасын беріп, алмастыратыны сөзсіз.

Ерлан САИРОВ,  
Парламент Мәжілісінің  
депутаты:



ЖАСТАР ЛАУАЗЫМДЫ  
ОРЫНДАРҒА КЕЛІП  
ЖАТЫР

– Егер Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев расымен «кадр тапшылығы бар» десе, мұндай мәселе шығып тұрғаны. Жоғары лауазымды орындарға жаңа тұлғалар келуі үшін азаматтық қоғаммен мықтап жұмыс істеу қажет. Содан соң азаматтық қоғам өкілдерін тартуға болады. «Жастар неге келмей жатыр?» деп сауал қоятындыр бар. Келмей жатқан жок емес, біртіндеп келіп жатыр. Мысалы, жуырда ғана елдегі жетекші «Nur Otan» партиясының атқарушы хатшысы болып Асхат Оралов тағайындалды. Демек, жас буын ақырындап өз орнын ала береді. Бәрі лезде бола салатын дүние емес. Қазіргі құрамның толық жаңартатын да уақыты келеді.

Виктор КОВТУНОВСКИЙ,  
саяси сарапшы:



САЯСИ ПАРТИЯЛАР  
КАДР ДАЙЫНДАЙТЫН  
УСТАХАНАҒА  
АЙНАЛУЫ ТИІС

– Көптеген жылдар бойы жоғары лауазымды орындар жаңартылмағаны белгілі. Кадр тапшылығының болуына саяси жүйенің де әсері тиеді. Бәсекеге қабілетті саяси партиялар мықты кадр дайындайтын ұстаханаға айналуы тиіс. Ал бізде олигархтар кадр ұстаханасы болды. Шыны керек, кландық бизнес-топтардың кейбір лоббистері өз кадрларын Үкіметке де, аймақтық билікке де тартқан кездерін көрдік. Алайда кадр тапшылығы – шешілетін мәселе. Ол үшін нақты саяси бәсекелестік қажет, адам мансапты көздеп немесе туыстық байланыс арқылы емес, қабілеттері бойынша бағаланып, өскені жөн.

Дайындоған  
Мадияр ТӨЛЕУ

# Тұлғалар да банкрот болатын заман туды



(Басы 1-бетте)

Айхан ШӘРІП

Қазақстанда бұрынғы жылдары алпауыт қаржылық топтардың лоббистері осы бағыттағы кез келген қадамға тосқауыл қойып келді. Тиісті заңды қабылдау мәселесін Мәжіліс депутаттары бірнеше рет көтерді. Депутаттар 2015 жылы тіпті заң жобасын әзірлеп, ұсынды, алайда сол кездегі Үкімет оны бұғаттап тастады. Министрлер кабинеті ұқсас заң жобасын Қаржы министрлігі Дүниежүзілік банкпен бірлесіп, дайындап жатқанына және құжат 2017 жылы қабылданыптына сендірді. Бұл бос сөз, жалтарма жауап болып шықты.

Ол ол ма, 2015 жылы Елбасы қарыз құзынан құлаған қазақстандықтарға қол ұшын созып, оларға қалыпты өмірге оралуға мүмкіндік беру үшін осы заңды әзірлеуді тапсырды. Қаржы министрлігі тиісті құжатты ұсынды, әйткенмен саботаж жасалып, оның соңы сиырқұйм шақтанатын кетті. 2018 жылғы қантарда Н. Назарбаевқа аталған заңды жыл соңына дейін жеделдетіп қабылдау қажеттігін ескертуге тура келді. Алайда сол жылғы қарашада шенеуніктердің заң жобасына келіспей, пысықтауға кері қайтарғаны белгілі болды. Әлдебір сарапшылар Үкіметке мұндай заң «7-20-25» бағдарламасына зиян келтіреді деп дәлелдеген көрінеді. Ұлттық банк та жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заңды қабылдау «заемшілер арасында масылдық көңіл күйді

ушықтырып», ипотекалық несиелендірудің жаңа тетігін тоқырауға ұшыраталы деп мәлімдеді.

Енді, міне, бұл мәселеге билік «қасіретті қаңтар» оқиғасынан кейін қайта соғып отыр. 2022 жылғы 5 қаңтарда халыққа үндеу жасаған Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Үкіметке заң жобасын әзірлеуді жүктеді. Министрлер кабинеті осы мәселеге қатысты бір емес, 4 заң жобасын жазып шықты. Оның ішінде «Қазақстан азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» деп аталатыны — негізгі заң. Қалғандары Қылмыстық, Әкімшілік, Салық кодекстерін, өзге заңдарды түзететін ілесіп жобалар.

## ҚАРЫЗ ҚҰРДЫМЫНДАҒЫ ЕЛГЕ АЙНАЛДЫҚ ПА?

Мәселенің ауқымын мынадан ақ түйсінуге болады: 19,1 миллион тұрғыны бар Қазақстанда 3 миллион адамның ғана банкте, микроқаржы ұйымдарында және ломбардтарда қарызы жоқ екен. «Бірінші кредиттік бюроның» дерегі осыны айтақтайды.

Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің түсіндіруінше, қарызға батушылардың күрт көбеюіне бірнеше фактор ықпал етті.

«Экономикалық және қаржылық дағдарыс, жұмысынан, еңбекке қабілеттілігінен айырылу, сатып алу қабілетінің төмендеуі, негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін кредитке жүгінуге мәжбүрлік және қаржы ұйымдарының жоғары ставкамен жылдам қарыз ұсынуы салдарынан азаматтар борышына

батып, едәуір бөлігінің қаржылық жағдайы нашарлады. Коронавирустың таралуы, карантин шектеулерінен туындаған экономикалық құлдырау азаматтардың төлем қабілеттілігіне соққы болды», — деп ашығын айтты ведомство. Бұған бытыр жаппай қымбатшылық қосылып, елдің тұрмысын қауқатты етті.

Қазақстандықтардың жағдайы ауыр екенін ресми мәліметтер де растай түседі. Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу агенттігінің дерегіне, соңғы бірнеше жылда жеке тұлғалардың кредиттері алапат қарқынмен өсіп барды: 2018 жылғы 1 қаңтарда — 4,3 трлн теңге, 2019 жылғы 1 қаңтарда — 5,3 трлн теңге, 2020 жылғы 1 қаңтарда — 6,3 трлн теңге, 2021 жылғы — 9,8 трлн теңге, қазір 11 трлн теңгеге дейін шығандады. Салыстыру үшін айтсақ, Қазақстанның 2022 жылғы бүкіл мемлекеттік бюджетінің кіріс бөлігі 12,8 трлн теңгені құрайды.

Осы 11 трлн теңге қарыз иесінің бәрі банкрот болмайды. Әйтсе де, кейінгі жылдары 90 күннен астам уақыттан бері төлем төлеуді тоқтатқан қарыз сомасы өсуде. 2018 жылғы 1 қаңтарда — 414,5 млрд теңгеге (жеке тұлғалардың жалпы несие портфелінің 9,6%-ы), 2019 жылғы 1 қаңтарда — 410,2 млрд (8,2%), 2020 жылғы 1 қаңтарда — 408,2 млрд (6,5%), ал 2021 жылғы 1 желтоқсанда 422 млрд теңгеге (4,3%) жетті. Жаңа занның көмегіне де осы қатардағы адамдар жүгінуі ықтимал.

Сондай-ақ қаржылық реттеушінің мәліметінше, пандемияға

байланысты жарияланған төтенше жағдай кезінде 1,9 млн адам 268,2 млрд теңге сомасындағы кредиттері бойынша төлем төлеуді кейінге қалдыруға қол жеткізді. Ол мерзім аяқталып, банктер төлем жасауды талап етуде. Көптеген қарыз алушы бұрынғы табысының болмауына байланысты берешекті өтей алмайтын халде көрінеді.

Мемкірістер комитеті халықта тек несиелік қарыздар ғана емес, басқа да берешектері жетерлік екенін ескертті. Бұл да азаматтардың шамадан тыс берешегін реттеу тетіктерін әзірлеу қажеттілігін тіпсіп-жетілгенін көрсетеді. Мысалы, жеке тұлғалардың салық берешегі орасан: 2022 жылғы 1 қаңтарда ол сома 16,2 млрд теңгеден асты. Сонымен қатар 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 791,1 мың адамның бюджет алдында 20 миллиард теңге сомасында өзге де қарызы бар.

Әділет министрлігінің мәліметінше, 2022 жылғы 1 қаңтарда 3,8 миллион атқарушылық құжат бойынша азаматтардан 3,9 триллион теңге өндірілу үстінде. Алайда соның ішінде 0,4 трлн теңге сомасындағы 142,5 мың құжат «борышкерде мүлктің, ақшаның және өзге құнды затының болмауына байланысты» орындаусыз қайтарылды. Яғни, қаншама адам сінірі шыққан кедей күйге жеткен.

## БАНКРОТТЫҚ: РӘСІМДЕРІ ЖӘНЕ ШАРТТАРЫ

Жалпы, елде «банкроттық» термині кәсіпорынның толық күйреуін және жойылуын көзге елестетеді. Қаржы министрлігінің түсіндіруінше, жеке тұлғаның банкроттығы компаниялардың банкроттығынан ерекшеленеді. Әл-інде келтірілген цифрлар миллиондаған адамның өз банкроттығын жариялауға мүмкін екенін аңғартады. Салдарынан соттар соны сұраған талап-арыздар тасқынның астында қалуы, бұл сот өндірісінің дағдарысын туғызуы ғажап емес. Сондықтан сот органына шамадан тыс ауырталдық түсіруге, сондай-ақ қарыз сомасы аз, бірақ оны өтеуге ресурстары жоқ тұлғаларға банкроттық рәсімін қолжетімді ету үшін заң жобасы бұл тетікті жүзеге асырудың 3 тәсілін қарастырады: жеке тұлғаның борыш сомасына қарай төлем

қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс және сот арқылы банкроттық рәсімдері көзделген.

Заң жобасына сәйкес, 1 600 АЕК-ке (2022 жылы — 4 900 800 теңгеге) дейінгі қарызы бар жеке тұлғалар соттан тыс банкроттық рәсімін қолдана алады. Оларға қатысты қайтарылған атқару парағының болуы борышкердің қарызды төлеуге қаражаты жоқ екенін және бұл факт атқарушылық іс жүргізу барысында расталғанын куәландырады. Банктік қарыз, микроқаржы беру туралы шарт, сондай-ақ коллекторлық шарт бойынша міндеттемелері 5 жыл ішінде орындалмаған азаматтар да соттан тыс банкроттық рәсімін пайдалана алады.

Рәсіміне тоқталсақ, заң қабылданған соң соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану үшін борышкер өзінің мүлкі, активтері, кірістері және кредиторлар алдындағы борышы туралы мәліметтерді көрсете отырып, «әкімшілердің кәсіби ұйымдарының» (профессиональная организация администраторов) біріне өтінішпен жүгінуі қажет. Ал сот арқылы банкроттық рәсімінде сотқа жүгінбес бұрын борышкер уәкілетті органның реестріндегі тұлғалар (оңалту және банкроттық рәсімдерінің әкімшілері, кәсіби бухгалтерлер, аудиторлар, заң консультанттары) арасынан қаржылық басқарушыны таңдап, келісім бекітуге тиіс. Сот арқылы банкроттықты өткізудің мерзімі — 6 ай.

Уәкілетті органның сайтында борышкерге қатысты соттан тыс банкроттық рәсімінің қолданылғаны туралы хабарландыру орналастырылады және ол 6 ай бойы барлық кредиторлар үшін қолжетімді болады. Сарапшылар тұлғаның банкроттық рәсімінің бір ауыртпалығы да осы деседі: ол азаматтың деректері ашық жарияланады, кімнің банкрот болғанын бүкіл ел біледі, сөйтіп талқылауы, сөз қылуы мүмкін.

Егер жарты жыл ішінде борышкер бай мұраға қол жеткізіп, не қайырымды жандар көмектесіп, өз қарызын өтей алатын жағдайға жетсе, иелігіне қымбат мүлік түссе, ол соттан тыс банкроттық рәсімін тоқтату туралы өтініш жасауға міндетті. Ал егер 6 айда жағдайы жақсармаса, борышкер банкрот деп жарияланады және алимент төлеу,

өзгенің өміріне немесе денсаулығына келтірген зиянын өтеу міндеттемелерін қоспағанда, басқа барлық қарыздарынан босатылады.

## ШЕКТЕУ БОЛМАСЫ, КӨПТЕУ БОЛАДЫ

Жұрт банкроттықпен әуестене бермеуі үшін мемлекет шектеулер белгілеп отыр. Атап айтқанда, біріншіден, өзін банкрот деп жариялаған адам банкротпен (Отбасы банкінен де), микроқаржы ұйымдарынан 5 жыл ішінде қарыз ала алмайды. Екіншіден, емделу, жақын туысын емдеуге апару, жерлеу қажет болған жағдайды қоспағанда, 3 жыл бойы шетелге қалдыруға, оқуға, не іскерлік мақсатпен шыға алмайды.

Жалпы, Ресейде — 5 жылда 1 рет, АҚШ-та — 8 жылда, Испания, Литва және Латвияда — 10 жылда 1 рет, Финляндияда өмірінде тек 1 рет осы рәсімді қолдануға рұқсат етіледі. Ал Қазақстанда азаматтар банкроттықты 7 жылдан кейін қайта пайдалануға құқылы болады деп белгіленбек.

Банкроттық процедурасын алаяқтар жауапкершіліктен құтылу үшін пайдаланып кетуге тырысары даусыз. Жаңа жол бермеу үшін осы тетіктің күші «жасалған қылмысы және күшіне енген сот үкімі негізінде өтеуге тиіс қарызы бар» борышкерлер санатына таралмайтын болады.

Ілесе жоба Қылмыстық кодекске толықтыру енгізеді: мүмкіндігі бола тұрып, кредиторлар алдындағы жауапкершіліктен жалтару үшін банкроттыққа әдейі жүгіне, мүлкі, табысы және басқасына қатысты жалған ақпарат берсе, жасырса, ондай адамдар қылмыстық жолмен қудаланады.

Қалай болғанда, жеке тұлғалардың банкроттығы тетігін қолданатын елдерде қоғам дағдарысы пен пандемия заманында өзін анағұрлым жақсы сезінетіні байқалады. Ондай елдерде әлеуметтік кернеу аз, саяси жүбісі әлдеқайда тұрақты. Тіпті, солтүстік көршінің өзі халқының әлеуметтік көңіл күйін жақсарту үшін 2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап, соттан тыс банкроттық рәсімін енгізді: ресейліктер осы мақсатта біздегі ХККО-ның баламасы — Муниципалдық қызметтердің көпфункционалды орталықтарына өтініш тапсырса жеткілікті.

# Қызметкерден ұят кетсе...

Бізге мемлекеттік қызметкердің әдебіне қатысты бірнеше заң нормалары бар. Ал алты жыл бұрын Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның Әдеп жөніндегі комиссиясы бекітілді. Әйткенмен, әлеуметпен жұмыс істейтін қызметкерлердің арасында әдептен аттап, дәрежелігімен есте қалған шенділердің қызметтік мансабына нүкте қоюылмаса да белгілі бір уақытқа қызметінен қош айтысқанын көрмеппіз.

Жадыра МҮСІЛІМ

Жақында Петропавлда мас болып аялдамада ұйықтап қалған шенеунік қызметінен босатылды. Ал Шығыс Қазақстан облысында 700-ден аса мемлекеттік қызметкер жауапкершілікке тартылды. Жөн-ақ, бірақ мемлекеттік этикаға қайшы әрекетімен есте қалған шенділерге қандай жауапкершілік қаралады? Өкінішке қарай, пікір беруге келгенде ауырып, халық үніне құлақ асатын кезде ашуланшып шыға келетін лауазымды адамдардың тізімін түгендесек, біраз жерге барып қалды. Атақ-абайы әжептәуір болғанымен, келте ойлы кейбір дөкейлердің кадрдан тыс әрекеттерін біз де еске түсіріп көрдік.

## ЖҰМАНҒАРИННІҢ ЖЫНЫНА ТИГЕН

Бірнеше жыл бұрын Алматыда апатқа ұшыраған Век Аіг өзекмесінің екінші ұшқышын ақтық сапарға шығарып салу рәсімінде компания басшысы Нұрлан Жұмасұлтанов тілшінің кеудесінен итеріп жіберген. Бұл қызметіне дейін ол Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Авиациялық оқиғалар мен оқиы жағдайларды тергеу басқармасының басшысы қызметін атқарған. Ұлттық экономика вице-министрі қызметін атқарып жүргенде Серік Жұманғарин да «Жынымды келтірменіші» деген сөзімен «жарк» ете қалды. Вице-министр сол кезде тарифтерге қатысты сұрақ қойған тілшілерге жынына тие бермеуін талап етті. Журналистер алдында ел алдындағы қасықтап жинаған абыройын «Қазғарыш» төрағасы Талғат Мұсабев та шелектеп төге салды. Ғарышкердің сол кездегі ерсі қылғығы әлі күнге дейін ұмытылған жоқ. 2013 жылы Байқоңырдағы апатқа қатысты Үкімет кеңесінен шыққан Талғат Мұсабевті тілшінің балағаттап, кеудесінен итеріп жіберген. Ашуланғанда эмоциясына ерік беретін оның «Не тұрсын? Жыңды ма мынау? Менің басым шық онда», «Біз Ресейдің Байқоңырда мәңгі қалғанын қалаймыз!» деген сөздері ел аузында «хитке» айналды. Соған қарамастан ғарышкердің Президент кеңесшісі лауазымын иеленгенін барлығы біледі.

## БОҚТАҒАНЫМЕН ҚОЙМАЙ, БӨТЕЛКЕ ЛАҚТЫРДЫ

Мәжілістің үш шақырылымында бес жыл депутат болған Бекболат Тілеуханның талай сөздері қоғамның теріс пікірін туғызып келді. Бытыр жыл соңында депутаттық мандатын өз еркімен тапсырған ол кәсіби қызметін атқарып жүрген журналиске бейөдеп сөйлегенімен қоймай қол көтергенді. Бұрын Мәжілісте депутат болып жүргенде жастарға талмай ақыл айтты «Ерен еңбегі үшін» медалін иеленген Бақтияр Мәкен Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқарып жүргенде алдына келген көпбалалы аналарды балағаттап, аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып жатқан бейнежазба желіде қызу талқыланды. Сегіз минутқа созылатын бейнежазбада әкім орынбасары «Керек болса Ақордаға бар», «Жоғал бар», «Маған десен асылып қалсын», «Саған пәтер жоқ, бідің бе?», «Ақордаға үш рет барғаның үшін сенімен жұмыс істемеймін» деп айғайлап, артынша бөтелке лақтырған.

Былтыр СКО шенеуніктері жұмыс уақытында кафеде демаламын деп басы дауға қалды. Аймақтың Ветеринариялық бақылау және қалағалау комитеті аумақтық инспекция басшысының орынбасары әрі Әдеп жөніндегі кеңес уәкілі Сергей Калыкин және Есіл аудандық аумақтық инспекциясының басшысы Танатар Айтхожаев жұмыс уақытында ашы судан ұрттап, дәмханада шу шығарыпты. Кейін белгілі болғандай шенеуніктерді ветеринариялық іс-шаралар өткізу үшін қызметтік іссапарға жіберген. Жаркент қаласының әкімі Болат Омаров та былтыр БАҚ өкілінің бетіне сағатын лақтырамын деп жұрттың сынына ілікті. Ал биыл Атырау қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Нұрлы Хабиева да көпбалалы аналармен дөрекі сөйлескені талқыға түскен еді. Артынша бөлім басшысына қатаң сөгіс жарияланған. Бірақ қатаң сөгіс мемлекеттік қызметкерге шыбын шаққан құрлы болмаған тәрізді. Өйткені осы жайтқа қатысты пікір білгісі келген тілшіге «Пікір бермеймін. Қалағандарыңды жариялаңдар» деп қысқа қайырыпты.



## ЭТИКАҒА ҚАТЫСТЫ ЗАҢ ДА БАР ЕДІ...

2000 жылы бекітілген «Мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы» және «Мемлекеттік қызметшілерінің әдептік нормалары және мінез-құлық қағидалары» нормалары және мінез-құлық қағидалары одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 2015 жылғы Жарлық бар. Ол аз десеніз, «Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі» тағы қабылданды. Бұдан бөлек, «Мемлекеттік қызмет туралы» заң жұмыс істейді. Осы заңдардың жұмыс істеуін қалағалайтын Мемлекеттік қызмет істері агенттігі де құрылды.

Айтпақшы, алты жыл бұрын қолданыстағы Этикалық кодекстің қағидалары жана ережелермен толықтырылды. Сөйтіп, шенеуніктерге ішкілік ішуге, жұмыс уақытында смартфон қолдануға тыйым салынды. Құжатта мемлекеттік қызметшінің жұмыс барысындағы іс-қимылының қағидалы, көпшілік алдында өзін-өзі ұстау ережесі, жұмыстың тыс уақыттағы жүріс-тұрысына дейін қарастырылған. Кодексте жемқорлықтың алдын алу шараларына басымдық берілген. Бірақ мемлекеттік қызметке қабылданар кезде әр қызметкер қатаң тестілеуден басқа үш күн ішінде кодекспен танысуы шарт. Осы шартқа көңесіне қатысты мемлекеттік қызметкер болуға қол қояды. Мемлекеттік қызметтің тізгінін ұстаған шенеуніктер сыбайлас жемқорлықтың қандай болсын түрінің алдын

алып, қол астындағыларды кемсітпей, тұлғаның ары мен намысына құрметпен қарау үлгісін танытуға тиіс. Сондай-ақ Арнамыс кодексінде мемлекеттік қызметкердің жеке өміріне де біраз шектеулер қойылды. Олар қоғамдық орындарда ішімдік ішіп, мас болуына шектеу қойылды. Бұдан бөлек, мемлекеттік қызметкердің қымбат киім киюіне болмайтын ереже де ескерілуі тиіс еді. Белгілі бір брендке қатысты нақты тыйым болмаса да мемлекеттік қызметкерді барынша қарапайым киюіне міндеттейтін қағида да қарастырылған. Осылайша, бұдан бұрынғы жылдары кодекс ережесін таныстырғандар костюм-шалбарын Италия немесе Францияның сені үйінен алдыратын, швейцар сағаты мен араб әшекейлерін таққанды ұнататын шенеуніктерге киім сөрелерін жаңалауға тура келетіні айтылды. Егер кодекс қағидалары бұзылса, қатаң сөгістен бастап жұмыстан шығаруға дейінгі тәртіптік жауапкершілік қарастырылғаны мәлім болып еді.

## ӘДЕП КОДЕКСІ ӘШЕКЕЙГЕ ЖҮРМЕЙДІ

Алайда мемлекеттік қызметкерлердің мінез-құлқы мен жүріс-тұрысына жауап беретін мекеменің басшылық лауазымына келген 31 жастағы Айнуір Серғазиева сының астында қалды. Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары болып тағайындалған оның «гламур»

өмір сүретіні белгілі болды. Су жаңа шенеуніктің Instagram парақшасында жарияланған суреттерінен бренд өнімдерге арналған қызыл-сары қораптарды қолтығына қыстырып, миллион тұратын сөмке ұстап тұрғаны байқалады. Бірақ шетелде қылдырғанды ұнататын шенеунік өзі туралы сынды жоққа шығарды. Айтуынша, тасыған байлығы мен ықпалды туыстары жоқ, зейнеттегі ата-анасы Оралда тұрады. Пәтері ипотекаға алынған, сөмкелер ауылтеттен, алқалары мен Тиффани әшекейлері күмістен көрінеді. Көпшіліктің танданысы шенеуніктің қымбат әшекейінен бөлек, Президенттің жастар кадрлық резервінің көптеген мүшелері арасында да түсініспеушіліктің туындауына алып келді. Бұдан басқа, Бас прокуратураның Айнуір Серғазиеваға қол астындағы қызметкерлерге қысым жасап, еңбек құқығын бұзғаны үшін ескерту берген. «Айнуір Серғазиева кадр резервінде жоқ. ПМКР-не бұл бос жұмыс орны туралы ақпарат түспеген. Резервшілерді жұмысқа тарту ретсіз және ашық емес. Қазақстанның дамуы үшін жас мамандарды лауазымды қызметке тарту тетігі тиісті түрде жүзеге асырылмай, «Жаңа Қазақстан» құру мүмкін болмайды», — дейді 2019 жылдан бастап Президенттік жастар кадрлық резервіне қабылданған «Атлант Ақтөбе» ЖШС-ның жоба жетекшісі Сұлтан Саидұлы.

Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы кәсіби мемлекет құруға арналған. Мемлекет алдында тұрған маңызды міндеттің орындалуы мемлекеттік қызметкердің кәсібилігіне тәуелді екені түсінікті. Кәсіби қызметкердің моральдық жоғары жауапкершілігі мен жоғары білімі, ар-ұяты мен тәжірибесінен келіп тіреледі. Күні кеше Президенттің өзі де Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңесте мемлекеттік қызметшілердің жылжымайтын мүлік, автокөлік және басқа да қымбат дүниелер сатып алуы қатаң бақылауға алынатынын айтты. Өйткені халықаралық тәжірибе мұндай тексерістер жақсы нәтиже көрсеткен. Әйтпесе, тағы болмайтын тәжірибемен көріп отырмыз. Сенатор Нұрлан Бекназаров этика нормаларының орындалмауы жиі болатынын жасырмайды. Сол үшін әдепсіз қылықтарымен танылғандар қандай деңгейде болмасын қатаң жазалануы керек екенін айтады. «Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген. Осы білімнен тәркінің түсіне алмағандар мемлекеттік қызметтің тізгінін ұстаса, мемлекеттің құрылымына әсер етеді», — дейді сенатор.

## Бизнес нарықтың заңдылығына бағынуы тиіс



Президент нарықтың экономиканың базалық принциптеріне қайшы келетін басанды монополиялық қатты сынға алды. Өңірлерде түрлі салалар бойынша басымдылық жағдайда отырған компаниялар өз қызметтерінің бағасын шамадан тыс қымбаттатып жіберген. Әсіресе, өндіріс ошақтарына қатынайтын кіреберіс теміржол тармақтарын жалғыздікті иеленіп алған жеке операторлардың әрекеті кәсіпорындар үшін де, түпкілікті тұтынушы үшін де көп қиындық тудырып, тауар бағаларының өсуіне, инфляцияның ырық бермей кетуіне итермелейді.

### Дәулет АСАУ

Осыдан тура бір жыл бұрын Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Үкімет жиналысында кәсіпкерлердің кіреберіс теміржол тармақтарын иеленушілердің атына көп арыз-шағым түсіргенін айта келіп, Бас прокуратура мен Басқарушының қорғау және дамыту агенттігіне (БҚДА) аталған проблеманы шешуді тапсырған болатын. Әйтсе де, одан монополистер айылын да жимаған сияқты, қайта қызмет ауқымын кеңейтіп, арандарын аша түскен сынайлы.

### МОНОПОЛИСТЕН КӨРГЕН ҚҰҚАЙ АЗ БА?

Еліміздің негізгі теміржол объектілерінде ең ірі кіреберіс тармақтарын иеленуші «Көлік сервис орталығы» АҚ 2015 жылға дейін «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-дан 1,7 млрд теңгеге 150 кіреберіс теміржол тармақтарын сатып алған. Кейінгі жылдары сатып алған объектілер санын ұлғайта түскен, қазір олардың қаржысы 300-ге жетті.

«Көлік сервис орталығы» АҚ өндіріс орындарының кіреберіс теміржол тармақтарын меншігіне қаратқан соң, бизнес нысандарына құқайды бұрынғыдан да күшейте түскен. Жергілікті зауыттар үшін вагон жөнелту тарифін 4-5 есе көтеріп жіберген. Тіпті, кейбір кәсіпорындардың тарифін 118 есе (!) қымбаттатқаны туралы дерек бар. Мұндай бейбастық жағдай Павлодар, Қостанай, Түркістан, Алматы, Ақмола және басқа да облыстарда кездеседі. «Ең қызығы, монополистер кәсіпорындар орналасқан учаскелердегі теміржол тармақтарын олардың өздерін айналып өтіп, қалай сатып алғаны түсініксіз!» Өйткені өндірісшінің өзіндік тауарын өткізу үшін ең алдымен осы кіреберіс жолға иелік етуге мүдделі болады емес пе, бірақ ол белгісіз себептермен монополистердің қарамағына өтіп кеткен. Ал егер кәсіпорын бекітілген көтеріңкі тарифпен келіспейтін болса, монополистер теміржол тармағын жауып тастай салады. Сөйтіп, отандық өндірісшілер не сырттан келетін материалдарды қабылдай алмай, не қоймада жатқан өнімдерін өткізе алмай пұшайман күйі кешеді», — дейді Мәжіліс депутаты А.Перуашев Үкіметке жолдаған сауалында. Ол аз десеніз, «Көлік сервис орталығы» АҚ

теміржол жол тармағының жабылып, жүк тасымалы жүрмей қалуына байланысты табыстан қағылғанын айтып, оған кәсіпорындардың өздерін кінәлі санаған. Сол себепті бірнеше зауытқа әрқайсына 80 млн теңге көлемінде айыппұл салу туралы хабарлама жіберген.

### ТАРИФ ТЫМ ШЫРҚАП ТҮР

Монополистер компанияның астамсып кеткенін соншалық, жүкті магистралдық желіден кіреберіс тармақ арқылы кәсіпорынға жеткізу тарифі кейде оны Ақтаудан Көкшетауға дейін 1 мың шақырымдық қашықтықтан тасымалдау құнынан да қымбаттырақ шығатын болған. Мұндай жағдайда кәсіпорындар «Көлік сервис орталығы» АҚ-ға тәуелді болып, қымбат тарифке байланғанда, өздері үшін жана кіреберіс жолдарды салып алғаны, анағұрлым арзанға түсер еді.

Жеке оператор туралы әңгіме қозғағанда біз тек бір монополисті мысал еттік. Алайда, экономист Арман Байғановтың айтуынша, теміржол көлігімен жүк тасымалдау нарығында кәсіпкерлерді теспей сорып отырған бірнеше монополистер бар: ППЖТ-1, ППЖТ-2, «Енисей» фирмасы және т.б. Бұл монополистердің бәрінің табиғаты бір — өздері ештеңе жасамайды, бірақ нақты өнім өндірісшілерді салыққа батырып қояды.

«Мұндай бір кіреберіс тармақтың бойында бірнеше кәсіпорын отыруы мүмкін. Сонда әр кәсіпорын монополистерге жылына 100 млн теңге төлеуге мәжбүр. Мәселен, Алматы қаласындағы «Промышленный» учаскесінде мыңдаған вагондарды жөнелтіп-қабылдайтын 38 зауыт бар. Монополистер тек осы учаскеден ғана бір жылда 3 млрд теңге ақша жинайды», — дейді экономист Арман Байғанов.

Егер тұтас республика туралы айтатын болсақ, ол сома бірнеше жүздеген миллиардтан асып кетеді. Ол ақша тауардың өзіндік құны мен бағасының ішіне кіреді де, инфляцияның өршуіне тікелей ықпал етеді. Бұл енді көпқабатты тұрғын үйлердің алдына шлагбаум орнатып қойып, пәтеріне өткізіп келетін тұрғындардан ақша талап еткенмен бірдей.

### ЖОСЫҚСЫЗ СУБЪЕКТІНІҢ ҮСТІНЕН ІС ҚОЗҒАЛДЫ

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің хабарлауынша, жақында Алматы-2 стансасының локомотив жетегі операторына қатысты тергеу басталды.

«Мемлекет басшысының инфрақұрылымға, оның ішінде теміржол түйіктеріне, разведерге, эстакадаларға толыққанды және ашық қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасы бойынша және кәсіпкерлердің БҚДА-ға шағымданған ұжымдық арызы негізінде өз қызметі үшін шамадан тыс жоғары баға белгілеген локомотив жетегі операторы «Жолашар ЖД-Сервис» ЖШС-на қатысты тергеу басталды», — делінген ведомство тараптан ақпаратта.

Тексеріс барысында аталған компания 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап вагондарды беру-жөнелту қызметі үшін бағаны 13 013 теңгеден 37 335 теңгеге дейін, яғни үш есе өсіріп жібергені расталды. Сондай-ақ «Жолашар — ЖД Сервис» ЖШС-ның нарықта Алматы-2 стансасынан қабылдау-тапсыру пунктіне дейінгі аралықта локомотив жетегіндегі вагондарды беру-алу қызметі бойынша монополиялық жағдайда тұрғаны анықталған.

ҚР ӨҚКО 159-бап 3-бөліміне сәйкес, бизнес субъектілеріне нарықта монополиялық жоғарғы немесе монополиялық төменгі бағаны қойып, өзінің монополиялық немесе басымдық жағдайын орнатуға тыйым салынған. Тағы бір айта кететін мәселе, егер ол әрекет үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылмаған жағдайда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері, коммерциялық емес ұйымдар осы жағдай кезінде тапқан табысының 3% көлемінде, ал ірі кәсіпкерлік субъектілері 5% көлемінде айыппұл төлеуге міндетті. Сондай-ақ олардың монополиялық кірістері толығымен тәркіленетін болады. Өйткені жекеменшік компанияны басқару нарықтың компания үшін емес, керісінше монополистің нарық мүддесі үшін қызмет етуі тиіс.

### САПАҒА НАЗАР АУДАРҒАН ДА ЖӨН

Президенттің кіреберіс жолдарда тәртіпті реттеу, табиғи монополия субъектілерінің қызметін тексеру және тармақ иеленушілердің баға құрауын талдау туралы тапсырмасынан кейін 21 субъект тасымалдау тарифтерін 80%-ға арзандатқан. Бірақ барлық мәселе тек тарифке келіп қана тіреле ме? Кіреберіс жолдарда қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі де көкейтестілігін еш жоғайн жоқ. Жылдан-жылға пойыздың адам басып кету, вагондардың рельстен шығып кету оқиғалары жиі қайталанатын.

«Тек былтыр ғана кіреберіс жолдарда 200-дей жылжымалы құрамның жолдан шығып қалу фактісі тіркелген. Оқиға кезінде жүздеген локомотивтер мен вагондар зақымданып, істен шықты. Бұл оқиғалардың басым көпшілігі шойынжолдың тиісінше күтімде ұсталмағанынан, дер кезінде жөндеу көрмегенінен болып отыр. Жеке тармақ иеленушілер жолдың сапасына тиісінше көңіл бөлмейді», — дейді TLK Media компаниясының директоры Жанна Есенағарина.

Бұрын «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ «Теміржол көлігі туралы» ҚР заңының 58-бағына сәйкес, инфрақұрылымның ұлттық операторы ретінде кіреберіс жолдарда қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптары бойынша тексеру жүргізуге құқылы болатын. Алайда 2014 жылдың қараша айынан бастап бұл бапқа өзгертулер енгізіліп, ол құқық алынып тасталды. Қазір инфрақұрылым операторының бар пәрмені тармақ иеленушілермен тек профиліктілік қажымстар жүргізумен ғана шектеліп қалды. Соған қарамастан теміржол бойында әлдебір апаттар болып, ол адам өліміне ұласып жатса, жалпақ жұртшылық мәселенің байыбына бармастан мұның бәрі үшін жалғыз «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ны айыптауға бейім. Ал шынтуайтына келгенде ұлттық компанияның оған еш қатысы жоқ. Сондықтан қандай да бір жосықсыз субъекті туралы сөз қозғағанда оның меншік түріне басты назар аудару қажет. Өйткені теміржол саласында республикадағы ең ірі жұмыс беруші — «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-дан басқа да (130 мыңға тарта адам еңбек етеді) көптеген ірілі-ұсақты бизнес құрылымдары өріп жүр.

## Атакәсіптен қол үзетіндер көбейді

Мемлекет ауыл шаруашылығын экономиканың драйверіне айналдыру үшін салаға серпін берудің барлық тетіктерін қарастырып-ақ жатыр.

Сонда да болса бүгінде ауылдағы ағайынның агросектордан көңілі қалғанды. Тіпті, бұл саладан мүлдем қол үзіп жатқандары да жетерлік.



### Шынболат КҮЗЕКБАЙ

Шынында, ауыл шаруашылығы саласына мемлекет тарапынан қолдау жасалып-ақ жатыр. Президенттің өзі соңғы 5 жылда шаруаларды қолдауға 2 триллион теңгеге жуық қаржы бөлінгенін айтты. Дегенмен осыншама мол қаражатқа жыл он екі ай мал соңында жүрген қауым қол жеткізе алмай жүр. Егін шаруашылығына ден қойғандардың есебі түгел болмай тұр. Дикандар да есіл еңбектің өтеуі болатын субсидияны жылдап сарғая күтеді. Шаруалардың енді бір тобы аз-маз қаржы үшін құшақ-құшақ құжат жинауға құлықты емес. Осы секілді қолдан жасалған кедергілер ауыл шаруашылығын табысты ету жолында білек сыбанып, іске кіріспеуіне лайын көпшіліктің жігерін жасытады. Саланы жайлаған жемқорлық та атакәсіпке анасыра ауатынды үшін алынбас қамалға айналғаны қашан? Апта басында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде кеңес отырысында Президент те ауыл шаруашылығын жемқорлық жайлап алғанын тілге тиек етті. Жыр болған субсидияны «сауын сиырға» айналдырған түрлі лауазымдағы 450 тұлға жауапкершілікке тартылды. Оған қоса бірер күн бұрын өңірлердегі ауыл шаруашылығы саласына басшылық еткен бірқатар лауазым иесінің «қызметтік бабын асыра пайдаланды» деген күдікке ілінгені хабарланды.

Басқаны былай қойғанда, жайылымдық жерге гидротехникалық құрылымдар арқылы тіршілік нәріні жеткізуге бөлінген 80 миллиард теңгенің сайда саны, құмда ізінің қалмағанының өзі көп нәрсеңді аңғартса керек.

Осынау факторлардан кейін-ақ ауылдағы ағайынның агросаладан үміт үзудің себебін түсіну қиын емес. Ал Ұлттық статистика бюросы 2021 жылы агроөнеркәсіп кешеніндегі жұмыс істеп тұрған жеке кәсіпкерлердің саны 2400-ге азайғанын мәлімдеді. Қазір ел аумағында бұл ауқымды салада 241 200-ге жуық жеке кәсіпкер қызмет көрсетеді екен.

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарушы директоры — агроөнеркәсіп және тамақ өнеркәсібі департаментінің директоры Ербол Есенеев бұл статистиканы қалыпты тенденция деп санайды. Оның айтуынша, бұл көрсеткіштерге тиімділік тұрғысынан қараған жөн. Әрі жылдан-жылға агроөнеркәсіп кешеніндегі жеке кәсіпкерлердің азаю тенденциясы байқалып отыр екен.

Шынында кейбір шаруа қожалықтары өз жұмысын тоқтатады. Дегенмен мұның ең басты себебі соңғы жылдары агроөнеркәсіп кешенінде тиімділігі жоғары техникалар, технологиялар қолданумен байланысты болса керек. Саланы автоматтандыруға көптеп көңіл бөле бастады. Мынадай бір қызықты факті бар, осыдан 100 жыл бұрын 1 шаруа қаладағы 20 адамды азық-түлікпен қамтыды. Ал қазір сол 1 шаруа 120-140 адам күнделікті азық-түлікпен қамтамасыз ете алады. Демек, саладағы шаруалардың, басқа да құрылымдардың азық-түлікпен қамтамасыз етуіне трагедия жасаудың қажеті жоқ, — дейді Ербол Еркинұлы.

Агроөнеркәсіп кешеніндегі жеке кәсіпкерлердің азаюы маман айтқандай тиімді технологияның көп қолданылуымен байланысты болғаны күпталыды. Алайда мұнда шаруалардың тауын шағатын әртүрлі қиындықтарды да жоққа шығаруға болмас. Бұл оймен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының департамент директоры Ербол Есенеев те келіседі.

Жоғарыда айтылғандай факторлармен бірге агроөнеркәсіп кешенінде табыс тапқысы келетіндерге кедергі болатын жайттар жеткілікті. Мәселен, қарапайым шаруаға жер алу оңай емес. Утиль-алымды қосқанда ауыл шаруашылығы техникасының бағасы да қымбатқа шығады. Оның үстіне

тауарды өндіруден тікелей тұтынушыға жеткізетін механизм жоқ. Еңбек адамы ортада делдалдарға жем болады, — дейді Е.Есенеев.

Сарапшы айтқан тағы бір құнды пікір шаруаларға қатысты қоғамдық көзқарас тұрасында болды. Жасырағыны жоқ, бізде агробизнес өкілдері субсидияны қалтаға басып жатыр деп ойлайтындар көп. Дегенмен маман пікірінше жыл сайын 8 триллион теңгенің өнімін өндіретін еліміздегі агроөнеркәсіп кешені үшін жалпы құны 100 миллиард теңге болатын субсидия көп шығынды ақтамайтын көрінеді. Әрі кез келген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің өніміндегі субсидияның үлесі 4 пайызға жетпейді. Демек, субсидия алған шаруаны бөкжеттің масылы деуге келмейді. Керісінше олар экономиканың еңсестіктеріне үлес қосатын асыраушы саланың өкілі ретінде құрметке лайықты.

Қазақстан Фермерлер одағының төрағасы Жигули Дайрабаев та шаруаны қолдаудың орнына шақшадай басын шаралай қылатын сәттердің көп екенін айтады.

Агроөнеркәсіп кешенінің дамуына қолжетімді несие мен субсидияның тұсау болып тұрғаны айтылып та, жазылып та жүр. Басқаны былай қойғанда, мал құлағындағы сырғандар табыс табуға әрекеттенетіндер бар. Шенді-шекпенділермен бірге әлгі сырғандарды таңбалайтын қарапайым операторлар да шаруаның қалтасына қол салуға құмар. Осындай ұсақтықтармен бірге баратынын түсіну қиын емес.

Сонымен қатар мемлекеттік жоспарлау жұмысында да тұрақтылық жоқ. Министрлер ауысқан сайын басымдықтар да өзгереді. Ведомство бірде етті ірі қара малға, енді бірде кооперативтерге, тауарлы сүт фермасына бетбұрыс жасайды. Екі ортада шаруа сандалады, — дейді Жигули Дайрабаев.

Ауыл шаруашылығы саласын пайда табудың көзі ретінде қарастыратындардан шаруалармен бірге ауылдар да зардап шегіп келеді. Қазақстан Фермерлер одағы төрағасының айтуынша, соңғы жылдары болашағы жоқ деген санатқа жататын 1 300-ге жуық елді мекен жойылыпты. Тағы 2 мыңға тарта ауыл құрып кетудің алдында тұр.

Ауыл шаруашылығы саласының сарапшысы Алмасбек Садырбаев асыраушы секторға сеп болатын бағдарламалардың көпшілігі кабинетте түзіліп, шаруалардың қатысуынсыз қабылданып жатқанына наразы.

Маған қазір «шаруашылықпен айналысуға ниет қалмады» деп хабарласатындар көп. Мен еңбегі ақталмаған соң осы қаламға барғайы жатқан шаруаларды жақсы түсінемін. Меніңше бұл мәселені шешу үшін ауыл шаруашылығын осы саланың өкілдеріне басқарту керек. Бұл жүйені министрліктен бастап, аудан әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімдеріне дейін енгізуі қүптаймын. Одан соң шаруаларды қолдауға бөлінген қаржыға қол салғандарға жауапкершілікті күшейтпей, қалыптасқан жағдайды үзбейтіндей етіп, қажетті бағдарламаларды, заң жобалары нағыз еңбек адамдарының ортасында келінен талқылануы қажет. Бұлай болған жағдайда олардан нәтиже күту бекершілік, — дейді Алмасбек Садырбаев.

Қысқасы, қолдау көрмей, ақ адал еңбегі ақталмаған шаруалардың мәселесіне түбегейлі мұқият бұрмай агроөнеркәсіп кешенін дамытамыз деу бекершілік. Әрі асыраушы сала атына ең ауыл шаруашылығы елді мекендегі миллиондаған отандасымызды жұмыспен қамтиды. Демек, бұл салаға қызмет көрсететін кәсіпкерлердің азыау көптеген әлеуметтік мәселе себеп болады. Сондықтан сала мамандары статистика мен бірге шаруаның нақты қалауын орындауға сергек қарағаны жөн-ақ.

## Көлік алу неге қиын?

(Басы 1-бетте)

### Найма НҮРӘЛІ

Алматыда Kia Rio-ның жаңасын табу оңайға түспейді. Үш автосалонға хабарласып, біреуінен де таппадық. Қытайдың Changan автокөлігінен басқасы жүрілген деп отыр менеджерлер. Ал Атырауда Toyota Camry 75-ті алу үшін алдын ала төлем жасап, 6 айдан 1 жылға дейін күтесіз.

Алдын ала тапсырыс бергеннен кейін көлігіңізді күтіп жүргенде оның бағасы қымбаттаса, сол багада сатып алуыңызға тура келеді. Егер мұнымен келіспесіз, онда алдын ала төлем ретінде енгізген қаржыңызды қайтарып ала аласыз. Болмаса күткен көлігіңіз басқаның қолында кетеді. Автосалондардың талабы осындай.

Ақшаңыз болса да, ойыңыздағы автокөлікке оңай қол жеткізе алмайсыз. Неге? Бұған микрофин мәселесінің қатысы бар. Себебі көліктің негізгі бөлшектері бізге Корея мен Жапониядан келеді. Пандемия кезінде бұл елдерде автомобильге қарағанда теледидар, тоназытқыш сынды тұрмыс техникасы көп сатылды. Сондықтан микрофиндер тұрмыс техникасына жұмсалды. Дегенмен микрофин мәселесі бір жыл бұрын өзекті еді, қазір біртіндеп бұл мәселе де шешімін тауып келеді.

Тағы бір мәселе, Қазақстанға жеткізу қиындап, кезек көбейген. Мысалы, қазақстандықтардың қалтасы көтеретін корейлік Hyundai және Kia көліктері Қытайда тұрып қалған. Ал Қытай үшін біз нөмері бірінші нарық еместіз, сондықтан олар автокөліктерді асықпай жіберіп жатыр.

Жана көліктердің жетіспеушілігіне утилизациялық алым, алғашқы есепке тіркеу мөлшері және техникалық регламент те айтарлықтай әсер етіп отыр. Осы үшеуінің салдарынан соңғы 6 жылда елімізде сырттан көлік кірген жоқ. Сондықтан ішкі автоқұрастырушылар сұранысты қанағаттандыра алмады. Барлығы жылына 80 мың көлік елімізде



өндірілсе, нарықтың сұранысын қанағаттандыру үшін жылына тағы 350 мың көлік сырттан келіп отыру керек.

### АРЗАНДАЙ МА?

Егер екінші деңгейдегі банк сайттарындағы бөлімдегі автосенселеңдіруге үнілсек, пайыз мөлшерлемесі анағұрлым көп екенін байқауға болады. Орташа мөлшері 17-23 пайыз. Жақында елімізде базалық мөлшерлеменің деңгейі тағы 0,1 пайызға өсті. Негізгі 2021 жыл 8,4 пайызбен аяқталған еді. Қазір жалпы көрсеткіш 8,5 пайызға жетіп отыр. Сондықтан тағы бір ескеретіні, базалық мөлшерлеме жоғарылаған сайын еліміздегі екінші деңгейлі банктерден көлікті төмен пайызбен несиеге ала алмайсыз.

Ал жеңілдікпен автосенселе беру бағдарламасының шарттарына келсек, 1 жеңіл автокөлік құны — 15 млн теңгеден, несие мерзімі — 7 жылдан, соңғы қарыз алушы үшін номиналдық сыйақы мөлшерлемесі жылдық 4%-дан аспауға тиіс. Соңғы қарыз алушы ЕДБ алдындағы несиеcін өтеген кезде қайтарылған қаражат есебін отандық өндірістің жеңіл автокөлігін сатып алушыларға қайта несие беріледі. Бүгінде осы бағдарламамен сатып алу үшін елімізде құрастырылған Hyundai, KIA, JAC, Chevrolet және

LADA сияқты автомобильдер қолжетімді. Жалпы, жеңілдетілген автосенселеу бағдарламасы 2015 жылы іске қосылды. Бұл 20 жылға есептелген және «револьверлік» әдіске негізделген. Қаржыландырудың жалпы шегі — 82 млрд теңге. Бағдарлама іске асырылған сөттен бастап револьверлік қайтарымы қаражатты ескере отырып, 159 млрд теңгеге 30 525 қарыз берілді. Қазірдің өзінде 80 мыңға жуық адам отандық автокөліктерді сатып алған.

Жеңілдетілген автосенселеу бағдарламасына 5 банк қатысады. Қай банк болсын, жеңілдетілген автосенселе бағдарламасын өз қаражатынан ұйымдастырмайды. Бұл жерде утилизациялық алымнан түскен қаражыдан өтеледі.

Қорытындысында елімізде сырттан келетін автокөліктер, олардың қосалқы бөлшектері шетел валютасымен сатып алынады. Сондықтан жеңілдетілген автосенселеу көлік бағасының арзандығына әсер етпейді. Жеңілдетілген автосенселеу қайта жалғасады дегеннен көлігін сатылымға қойғандар құнына тағы көтеріп өлек. Бұл бағдарлама артықшылық автокөлікке деген сұранысын арттырса, көлік бағасы тағы қымбаттауы мүмкін. Ал бағдарламаға ілігіп, итілігін көремін деушілер айлап кезек күтуге мәжбүр болмақ.

# YouTube ұлтты ұйыта ма?



**Бала біткеннің көбі YouTube-қа телміріп отыр. Мұны ата-аналар да жасырмайды. Жақында Kaspersky сарапшылары балалар көп уақытын жұмсайтын бірнеше әлеуметтік желіні анықтаған екен. Олардың ішінде бірінші орында – YouTube. Одан кейін WhatsApp пен TikTok-қа байланған. Ал ол әлеуметтік желілердің балаларға ұсынып отырған контенті қандай? Мәселе – осында.**

Айым БЕКТҮР

Статистикаға сүйенсек, 2021 жылы бүкіл әлем бойынша балалар YouTube-тан ойындарға қатысты контентті жиі іздеген. Атап айтқанда, мобильді ойындарға қатысты видео түсіретін блогерлердің арнасы көп қаралым жинаған. Ең танымал ойын катарында Minecraft тұр. YouTube-тағы танымал топ-3 арна катарында MrBeast, EdisonPts және Paluten бар. Ал ең танымал ойындардың ондығына алғаш рет Genshin Impact және Poppy Playtime ойындары кірді.

Сарапшылардың айтуынша, балалар көбіне әуенді YouTube-тан тындайтын болып шықты. Оның ішінде BTS, BlackPink, Lil Nas X, Ariana Grande және Twice сияқты орындаушылар көп ізделген. Ең танымал әндердің бірі – Скау орындаушысының Love Nwantiti әні және Онтустік Кореяның Blackpink тобының қатысушыларының бірі LISA-ның – LALISA және MONEY әндері.

Ал балалардың көбі «Свинка Пеппа», «Лунтик», «Барбоскины» мен «Леди Баг и Супер-Кот» мультфильмдері мен «Веном 2» мен «Человек-паук: нет пути до

мой» фильмдерін іздейді. Оны кез келген ата-ана растайды. Демек, бала мұндай мультфильмдерге қызығады деген сөз.

Kaspersky зертханасының өкілдерінің айтуынша, ата-анаға баласының цифрлық қызығушылықтарын білу маңызды. «Бұл балаларды желідегі қауіптерден қорғауға және отбасында үйлесімді қарым-қатынас орнатуға көмектеседі. Балаларыңызбен бірге уақыт өткізсеңіздер болады: мысалы, танымал блогердің танымал бейнелерін қараңыз, тарихты оқыңыз, химияны немесе физиканы тікелей Minecraft-та ойыннан зерттеуге болады» деп отыр сарапшылар.

## «КИНО КӨР» БОС КЕҢІСТІКТІ ТОЛТЫРА АЛА МА?

Атыраулық Әділет Мусиннің жасы – 28-де. Өзі «Теңішевройлда» белгі беруші, яғни вахтада жұмыс істейді. Бір ай жұмыс істеп, бір ай демалатыны бар. Сол демалысын бос өткізбейін деп, жақсы бір жобаны қолға алған екен. «Кино көр» сайты – казак тіліндегі фильмдер мен мультфильмдерді жинақтап, көрерменге ұсынады. Әділеттің бос тұрған казакша кеністікті толтырысы келген ниеті

бар. Алайда сарапшылар айтқандай, YouTube-тағы көрерменді ұйыта алып жүрме? Біз бұл сауалды Әділеттің өзіне қойған едік. Оның айтуынша, Kaspersky айтқан мультфильмдерді, яғни «Свинка Пеппа», «Лунтик» пен «Барбоскины» туындыларын аударып, балаларға көрсетсе, мүмкін қызығушылық оянатын шығар.

«Кино көр» сайтының қаралымы айына 100-200 мыңға дейін жетеді. Бірақ сайт иелері бұл сайттан пайда тауып отырған жоқ. Керісінше, шығын көп. Ал «Кино көр»-дің көрермендері – 25 жасқа дейінгілер. «Бұл сайтқа балалар көп кіре бермейді. Жақсы мультфильмдерді ата-аналары қосып берсе, балалары көреді. «Ракмет» айтып, хабарласатын ата-аналар да бар. Кейде жарнама берушілер сайтты сұрап жатады. Олардың дені ойын автоматтарын жарнамалайтындар. Ондай кезде сайтты жарнамалауға рұқсат бермейміз», – дейді Әділет Мусин.

«Кино көр» сайтында 300-дей кино бар. Олар бұл киноларды сайтқа жай ғана жүктеп салмайды. Монтаждап, постерін жасап, сапалы салуға тырысады. Постер жасаудың өзі көп уақытты алатыны белгілі. Оған ұқсас шрифт (font),

таза сурет іздейді. Кейде шрифт іздеуге 10 сағаттап отыратын кездері болады екен. Негізінен постерді фотопшоптың мамандары жасайды. Осылардың жұмысы біткен соң киноны жүктеп отырады.

## АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫН САТЫП АЛУ ТИІМДІ

YouTube арнасындағы танымал каналдың бірі – Надя. Nadia and Family каналындағы жалпы қаралым көрсеткіші 70 миллионнан асқан. Ал контентіне қарап, өте қарапайым. Надя ағылшын тілін дамыту үшін қандай ән тындап, мультфильм көру керігін үйретеді. Кейде қуыршақтың үйшігін құрарастырады. Қарап отырсақ, балаларға аталғандарды смартфоннан тамашалаған ұнайды.

Ал «Свинка Пеппаны» көретін бала көп. Мәселен, білікті аудитор Жанерке Әбілованың екі қызы бар. Бірі 5-те, екіншісі 3-ке толды. Екеуі де YouTube-тан «Свинка Пеппаны» көреді екен. «Ұйқыдан ояна сала, осы арнаны қосып беремін. Екеуі тапжылмай көреді. Үйде бәріміз казакша сөйлейміз. Бірақ екеуінің де тілі орысша шығып келеді. Оған YouTube-тың әсері жоқ емес. Екеуі де «Пеппа» деп жылайды. Амағысы қосып беремін. Басқа арнаны көргісі келмейді», – дейді.

Демек, бұл жобалар балаларды қызықтыра алады. Қызықпаса, оның қаралымы миллиондардан аспас еді.

Блогер, SMM маманы Жанасыл Болатбектің айтуынша, мұндай казакша жобалар өзін-өзі ақтамайды. «Балалар контентін мемлекет тарапынан қаржы бөліп, жасауға болады. Екіншіден, казак тілінде мұндай контент жасаған күннің өзінде, қаралым тұрғысынан орысша контенттерге бәсекелес болмайды. Өйткені біздің аудитория ондай үлкен емес. Әрі орысшасын көрген бала казакшасына қызыға ма? Сондықтан казакша контентті танымал ету өте қиын болады. Жеке адамдардың қалтасы көтермейді. Бизнес тұрғысына да өзін-өзі ақтамайды. Мемлекеттік гранттар арқылы жасауға болады. Менің ұсынатыным, бұл дүниелердің көшірмесін жасағаннан гөрі авторлық құқығын сатып алып, казакшаға аударған тиімді болар еді. Өйткені мұның бәрі танымал бренд. Балалар оны көріп жатыр. Тыйым сала алмаймыз. Сол себепті де оны казакша-лап, казак аудиторына ұсына

алсақ, онда көп шығын шықпаса еді», – дейді.

## БІЛІМКІДС ЖОБАСЫ ӨЗІН-ӨЗІ АҚТАДЫ МА?

BilimKids YouTube арнасы 2018 жылы ашылған. Оны Bilim Media Group компаниясы ашқан еді. Осы жобаның бас үйлестірушісі Назымбек Шардарбековтің айтуынша, бұл YouTube желісінде казак тіліндегі балаларға арналған мультфильмдердің санын көбейтуді көздеген.

«Біздің жоба бірден казактілі аудиторияға ұнай кетті деп айта алмаймын, жазылушылардың және қаралымдардың саны аз болды. Бірақ қазір 57 мыңнан астам жазылушымыз бар 19 миллионнан асатын қаралымымыз бар. Шетелдік, нақтырақ айтқанда ағылшын тіліндегі Baby Shark немесе Pora pig сияқты видеоармен бәсекелесу қиын. Осындай ағылшынша мультфильмдердің негізгі күші – ағылшын тілінде сөйлейтін көрермендердің көп болуы. Мысалы (Этнолед онықтамасының деректеріне сүйенсек), казакша сөйлейтін адамдар тек 13 млн, ал ағылшынша 1 млрд-тан астам адам сөйлейді. Осыдан статистика бойынша, қаралым да, таралым да саны бойынша бірінші орында. Сол себепті казактілі YouTube контенті арқылы өйгілі боламын немесе коммерциямен айналысамын деген мүмкіндік өте аз», – дейді. Ол әуел бастағы мақсат казак тілінде қолданылу аясын кеңейту және тәрбие беру мақсатында казакша мультфильмдерді жасау болғанын айтады. Қандай да бір әлеуметтік желіде казакша контент (мақалалар және т.б.) жариялау керек деп ойлаймын. Осы контентте қандай тақырып немесе (этикалық нормаларға сәйкес қана) қандай ақпарат болмасын, бастысы казак тілінде жасалуы керек дегенді айтып отыр.

## ЖАЛҒЫЗ ВАЛАРАН-НЫҢ ҚАУҚАРЫ ЖЕТПЕЙДІ

Балаларға контент ұсынып отырған жалғыз арна бар, ол – Balapan.

Арнаның директоры Қымбат Досжанға әлеуметтік желідегі балаларға арналған контенттерге қатысты сауал қойған едік. Директордың айтуынша, Balapan – жана туған сәбиден бастап, 8 жасқа дейінгі балаларға арнап хабар тарататын телеканал. «Яғни, біздің негізгі мақсатымыз интернет кеністігіне емес, көгілдір экранға

арнап контент өндіру екені түсінікті. Осы тұрғыдан келсек, Balapan мемлекеттен бөлінген қаржыны барынша тиімді жұмсап, сапалы контент өндіріп отыр. Жыл санап отандық телебағдарламалар мен анимациялық жобалардың саны артып келеді. Мәселен, арна ашылғалы мультхикаялар, сонымен қатар телехикая, ситком, реалити шоу, танымдық, ойын-сауық, спорт жанрында жалпы 302 жоба дайындалды. Әлбетте, соңғы жылдары бүкіл әлем телеарналардан гөрі интернет желілері арқылы ақпарат алуды дағдыға айналдыра бастағаны мәлім. Бұл жана тенденцияға әлемнің бар ақпарат құралдары ілесті. Осы ретте, Balapan да эфирден тыс, әлеуметтік желілердегі ресми каналдарын қатар дамытуға ден қойып келеді. Жоғарыда айтқан 302 төл жобамыз түгел дерлік YouTube каналымызға жүктелген. Бұдан бөлек, телеарна 2020 жылдан бастап үздік шетелдік туындылардың телеқұқығынан бөлек, интернет құқықтарын сатып алуды қолға алды. Бұл – отандық телевизия тарихында тұңғыш рет жүзеге асқан бастама», – дейді Қазір арнаның Youtube каналы шетелдік анимациялық жобалардың казак тіліндегі 700-ден астам сериясымен толыққан. Арна 2021 жылы YouTube-тың «Алтын бағырмасын» алды. Тек өткен бір жылдағы қаралым саны 1,5 млрд-қа жуықтапты. Дәл жазу телеарнаының әлеуметтік желілердегі жазылушылар саны: YouTube – 1 420 000, Instagram – 93 590. Яғни, қалай болғанда да арна эфирден тыс, интернеттегі казакша балалар контентін арттыруға, дамытуға айтарлықтай үлес қосып отырған бірден-бір ұйым десек, артық айтқандық болмас.

BilimKids YouTube пен Balapan арнасының атқарып отырған ісін жоққа шығара алмаймыз. Әрине, бұл теңізге тамған тамшыдай ғана дүние. Жаппай аудиторияға өтімді дүниені жасау маңызды бола бермек. Әрі ата-ана да баласының цифрлық қызығушылығын біліп отырғаны жөн. Сол себепті бала нені тамашалайды, қандай ойын ойнайды, қандай әлеуметтік желіге қызығады, соның бәрін анықтап, статистика жүргізген абзал. Сонда ғана біз оқырманның сұранысын қанағаттандыратын контент жасау мүмкіндігі туады. Жанасыл Болатбек айтқандай, танымал брендтерді де казакшалай берсек, онда да ұтатынымыз анық.

# Жас ғалымға жағдай жасалса игі...

**Қазіргі балалар «ғалым болсам» деп емес, «танымал блогер, спортшы боламын» деп армандайды. Әуре-сарсаңға салар мекхнаты көп ғылым жолын таңдайтындар аз. Сарапшылардың арасында «казак ғылымы қартайды ма?» деген пікірталас жиі туындап жатады. Дегенмен елімізде соңғы 2 жылда ғылымға бет бұрған жастар саны 1 мыңға артқан. Жас ғалымдарға жігер беру үшін соңғы жылдары бірнеше ірі жоба қабылданды. Алайда әлі де болса жас ғалымдардың аз екені жиі айтылады.**

Көктем ҚАРҚЫН

Осы уақытқа дейін елімізде ғылымды дамыту мен ғалымдарды қолдауға қатысты түрлі бағдарламалар болғанымен, оның қуаты мен қайтарымы мақтанарлық емес. Оған бір мысал, Қазақстанда 1991 жылы ғылыми-зерттеулермен шұғылданушылар саны 42 мың адам болса, қазір бұл көрсеткіш 22 мыңға дейін төмендеген. Соның 32 пайызы ғана орта жасқа толмаған жас зерттеушілер екен. Соған қарамастан кейінгі жылдары Қазақстан ғылымының әлеуеті артып, жас ғалымдарымыздың жетістігі көбейіп келеді. Оған дәлел ретінде ғалымдарымыздың халықаралық ғылыми басылымдарда жұмыс көріп жатқан еңбектерін атап өтуге болады. Мәселен, 2011-2019 жылдар аралығында Қазақстан Web of Science базасында жарияланған мақалалар саны жөнінен 122-орыннан 87-орынға көтерілген. Бүгінге дейін отандық ғалымдардың Web of Science мәліметтер базасында – 28 973, Scopus-та 33 116 материалы жарық көріпті. Сонымен бірге 2011 жылмен салыстырғанда ғалымдарымыздың жарияланған еңбектері Scopus базасында 34,5 есе, Web of Science-та 59 есе артқан.

## БӨЛІНЕТІН ҚАРЖЫ АЗ

Дамыған елдерде ғалымдар үлкен құрмет пен жалақыға ие. Мұны олардың ғылым саласына жыл сайын бөлетін қаражатынан да біле беріңіз. Мысалы, Израиль – ғылым саласына ең көп қаражат бөлетін ел. Жалпы ішкі өнімнің 4,6 пайызын бөледі. Ал Швейцария – 4 пайыз, Жапония – 3,4 пайыз, АҚШ – 2,7 пайыз, Ресей – 1,27 пайыз. Бізде ше? Бұл көрсеткіш соңғы жылдары жыл сайын төмендеуде. 2019 жылы 0,12% болды. Бұл – бес жылдағы ең төменгі көрсеткіш. Ал 2020-2022 жылдарға арналған ғылымды қаржыландыру көлемі екі есеге жуық

өсті. Ғылым саласын одан әрі дамыту үшін қаржыландыру мөлшері ЖІӨ-нің ең болмағанда 0,5 пайызын құрауға тиіс.

– Әлемдік деңгеймен салыстырғанда еліміздегі ғылымды қаржыландыру деңгейі төмен. Біз қазір іргелі Ресейдің 1 пайыздық деңгейіне жете алмай отырмыз. Бұл әлеуметтік-экономикалық дамумен шұғылданушылар саны 42 мың адам болса, қазір бұл көрсеткіш 22 мыңға дейін төмендеген. Соның 32 пайызы ғана орта жасқа толмаған жас зерттеушілер екен. Соған қарамастан кейінгі жылдары Қазақстан ғылымының әлеуеті артып, жас ғалымдарымыздың жетістігі көбейіп келеді. Оған дәлел ретінде ғалымдарымыздың халықаралық ғылыми басылымдарда жұмыс көріп жатқан еңбектерін атап өтуге болады. Мәселен, 2011-2019 жылдар аралығында Қазақстан Web of Science базасында жарияланған мақалалар саны жөнінен 122-орыннан 87-орынға көтерілген. Бүгінге дейін отандық ғалымдардың Web of Science мәліметтер базасында – 28 973, Scopus-та 33 116 материалы жарық көріпті. Сонымен бірге 2011 жылмен салыстырғанда ғалымдарымыздың жарияланған еңбектері Scopus базасында 34,5 есе, Web of Science-та 59 есе артқан.

– Әлемдік деңгеймен салыстырғанда еліміздегі ғылымды қаржыландыру деңгейі төмен. Біз қазір іргелі Ресейдің 1 пайыздық деңгейіне жете алмай отырмыз. Бұл әлеуметтік-экономикалық дамумен шұғылданушылар саны 42 мың адам болса, қазір бұл көрсеткіш 22 мыңға дейін төмендеген. Соның 32 пайызы ғана орта жасқа толмаған жас зерттеушілер екен. Соған қарамастан кейінгі жылдары Қазақстан ғылымының әлеуеті артып, жас ғалымдарымыздың жетістігі көбейіп келеді. Оған дәлел ретінде ғалымдарымыздың халықаралық ғылыми басылымдарда жұмыс көріп жатқан еңбектерін атап өтуге болады. Мәселен, 2011-2019 жылдар аралығында Қазақстан Web of Science базасында жарияланған мақалалар саны жөнінен 122-орыннан 87-орынға көтерілген. Бүгінге дейін отандық ғалымдардың Web of Science мәліметтер базасында – 28 973, Scopus-та 33 116 материалы жарық көріпті. Сонымен бірге 2011 жылмен салыстырғанда ғалымдарымыздың жарияланған еңбектері Scopus базасында 34,5 есе, Web of Science-та 59 есе артқан.

## ПЛАГИАТКА ТҰСАУ ЖОҚ

Шын мықтылардың ішінде «бір қарын майды шірететін құмақ» болуы да заңды. Мәселен, бытыр сенатор Сәуле Айтбаева палатаның кеңейтілген отырысында докторлық, кандидаттық жұмыстардың сатылатынын айтты, мәселе көтерген болатын. Сенатордың пікірін ғалымдар да растап жүр.

Ғалым Бекарыс Нұрмановтың айтуынша, қазір ғылыми мәтін жа-

за алмайтын жастар көп. Олар мемлекеттік грантка түскеннен кейін қалайды қолына ғылыми атақ алып шығуға тырысады. «Қазір интернетті ашып қалсаңыз, біреудің ғылыми жұмыстарын ақшаға сатып отырған сайттар көп. «Дайын аска тік қасық» болған осындай сайттарға заңмен тыйым салынбаса, плагиаттың да жыры бітпейді. Өйткені дайын ғылыми жұмысты алып, сөздерінің орнын ауыстырып, плагиаттан өтіп кететіндер бар», – дейді Бекарыс Нұрманов.

Бүгінде плагиатқа, оның мойындалуына қатысты талаптар қатаңдай түскен. Плагиат табылған жағдайда, қулығына құрық бойламайтындармен Ғына прокуратура өзі айналысады.

## МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ҚОЛДАУ БАР МА?

Президент тапсырмасымен 1 000 грант, 500 шетелдік тағылымдамалардан өту жоспарлы түрде жүргізілуде. 1 000 грант бойынша Ғылым комитетінің конкурстық құжатнамасы дайындалды. Жас ғалымдар өз ұсынысын білдірді. Ал 500 шетелдік тағылымдама «Болашақ» бағдарламасының форматында жүзеге асып отыр. Шынын айтқанда, қазір ғылым саласына мемлекет тарапынан 83 млрд теңге қаражат бөлінген. Оның ішінде 52 млрд-ы министрлік конкурсы жариялау арқылы бағдарламаны мақсатты қаржыландыру арқылы үлестіреді. Қалған қаржыны еліміздің тоғыз мемлекеттік органы конкурсы жариялау арқылы жүргізеді. Был Президент 1 қыркүйектегі Жолдауында гранттың жүру мерзімін үш жылдан бес жылға дейін өсірді. Бұл – жас ғалымдарға үлкен қолдау. Себебі кейбір ғылым саласы уақытқа бағынбайды. Мысалы, жануарлардың жана түрін, қартоп пен астықтын жана сортын алуға ондаған жыл уақыт кетеді. Ал кейбір жұмыстардың жетекшілері үш жыл біткен соң басқа конкурсты жеңіп



алып жалғастырмаса, жоба аяқсыз қалады. Сондықтан ғылым саласын дамытуға гранттың бес жылға бөлінгені өте орынды. Бұған дейін жас ғалымдарға арналған жеке конкурстар болмаған. Тек бытырдан бастап жас ғалымдарға ерекше көңіл бөліне бастады. Енді жастар қолынан келгенше елімізді экономикалық жағынан дамытуға бағытталған тың зерттеулер жасайтын болады. Жас ғалымдар кенесінің төрағасы Еламан Айболдин-новтың айтуынша, соңғы жылдары докторантураға бөлінген грант саны артты. Бұл жастардың жаппай ғылымға келуіне жол ашқан. Мысалы, 2010 жылы докторантураға 150 орын берілсе, қазір мынанан асады. Алайда сол орындарды толтыра алмайтын университеттер бар. Сол себепті бос орындарды игеру үшін магистратура мен докторантураға түсеу екі рет конкурсы жарияланатын болды.

– Осының барлығы ғылымға жастарды тарту үшін. Соңғы екі жылда «Жас ғалым» грантығы байқауы өткізіліп келеді. Жас ғалымдардың аз болуының басты себебі – әлеуметтік, тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелерінің шешілмегені. Ғылыми ұйымдарда жұмыс істеп жүрген жастардың жалақысы

тұрақсыз. Олар тек грант ұтып алған кезде ғана айлық еңбекақы алады», – дейді Еламан Айболдин-нов.

## САНЫ КӨП, САПАСЫ ҚАЙДА?

Иә, жылына докторантураға мемлекеттік бюджет есебінен 2 мыңға жуық грант бөлінеді. Ал соның негізін көрсетіп, докторлық алатындар саны 200-дей ғана. Жас ғалым Азамат Ешмұхаметовтің пікірінше, бөлінетін грант саны тым көп. Мысалы, жыл сайын робототехника мамандығының докторантурасына 12 грант бөлінсе, соның 3-еуі ғана игеріліпті.

– Салыстырмалы түрде қарасақ, ұлттық университеттерде бір жылда бір студентке 1 миллион бөліне, Назарбаев университетінде 5-6 миллион бөлінеді. Яғни, бұл ақша оқытушының жалақысына, лабораторияны жасақтауға жұмсалды. Мәселе – қаржыландыруда. Білім гранттың санын ғана арттырмай, беретін білімнің сапасына да көңіл бөлу керек, – дейді Азамат Ешмұхаметов.

Ғылым – ол қаржы мен уақытты көп талап ететін сала. Сонымен қатар шығармашылық ой-өріс те керек. Ал енді біздің ғалымдардың

ғылымға деген уақыттарын талқылайтын болсақ, көбісінде сабақ беруден уақыттары да артылмайды. Өйткені Қазақстанда ғылыми деңгейі бар адамдар өзін асырау үшін аптасына 20 сағаттан көп дәріс оқуы керек. Осылардың бәрі жиналып, келіп ғылымды дамытуға кері әсерін тигізеді.

– Ең бірінші, ғылымдардың жалақысы аз. Екінші, ғылыми дәреже алу қиын. Жоғары оқу орындарында барлығы қағаз жүзінде мінсіз болғанымен, іс жүзінде нәтиже аз. Робототехникада жүрген жастар көбіне жекеменшік компанияларға кетуге мәжбүр. Өйткені ол жерде жалақы жақсы. Бізде жас ғалымдардың саны мың адамға өскенімен, атқарылып жатқан жұмыстар 10 пайызға артқан жоқ. Бұл жерде әр институт өздеріне кадр дайындап отыр. Яғни, бұл – табиғи өсім. Егер мемлекет тарапынан жасалған жағдайда байланысты жас ғалымдардың саны 2 есе өсуі керек еді, – дейді Азамат Ешмұхаметов.

Бұл – көп мәселенің бірнешеуі. Ғылым дамуына кедергі мәселелер жеткілік. Отандық ғылымның жетістіктерінің жиі насихатталмауы жас ұрпақтың ғылымға деген құлшынысын оятпай отыр. Ессенің, шоу-бизнесін ақпараттарынан көз сүрнеді.

# Шалғай ауылдардағы медицина маңдымай тұр

Медицина саласына мемлекеттен қомақты қаражат бөлініп жатса да, облыс орталығынан шалғайда орналасқан елді мекендердегі жағдай көңіл көншітпей отыр. Ауыл тұрғындары емделу үшін қаншама шақырым жердегі аудан, облыс орталығына салпақтап, әбден шаршағандарын айтады. Өзге аймақтарды қайдам, Шығыс Қазақстан облысында бұл мәселе өзекті болып тұр.

## ТҰҒЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ НЕГЕ НАРАЗЫ?

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданындағы балығымен аты шыққан Тұғыл ауылында бүгінде 10 мың тұрғыннан 4 352 адам қалған. Ең өкініштісі, халық саны азайғаннан кейін ауылдағы емхана қысқартылып, шағын амбулаторияға айналды. Қазір бар болғаны үш-ақ маман жұмыс істейді. «Ауыл тұрғындары шұғыл ота қажет болған жағдайда көлікке мініп, аудан орталығына аттануға тура келеді. Жұрт осыған ренжиді. Тәуліктік стационар да жұмыс істемейді. Тек күндізгі стационар бар. Сонда ауыл тұрғындары түнгі уақытта ауырып калса қайтеді? Аудан мен қалаға сабыла ма? Міне, мен бүгін УЗИ жасату үшін аудандық ауруханаға бардым. Таксиге 2 мың теңге төледім. Өйткені біздің Тұғылда қарапайым физиокабинет жоқ. Мүгедек балам болғандықтан, айына 10 күн физио мен массаж алуымыз керек. Ауылда маман болмаған соң 60 шақырым жердегі Ақжар ауылына баруға мәжбүрміз», — дейді осы ауылдың тұрғыны, жалғызбасты ана Жадра Жүнісова.

Айтпақшы, жақында әлеуметтік желілерде осы ауылдағы емхана бөлмесінің суреті жарияланған еді. Суреттен бөлмедегі қабырға сылақтарының түсіп жатқанын байқауға болады. Осы жағдайға байланысты түсінік берген Тұғыл дәрігерлік амбулаториясының меңгерушісі Жәнісәлі



Ерсефулан ДҮЙСЕВІЛІТОВ (солдан)

Смағанова әлеуметтік желіде тараған сурет ЭКГ-ға түсетін кабинет екенін, бұл бөлмеге жөндеу жұмыстары жүргізілмегенін айтады. «Әлеуметтік желіде тараған суреттегі палатада науқастар ем алмайды, себебі бізде барлық палаталар науқастарды қабылдауға дайын. Жөндеу жұмыстары жүргізілген. Стационарда VIP палата да бар», — дейді ол.

Ал ауыл тұрғындарының «Ауылдағы емхана қайта қалпына келе ме?» деген сұрағына аудан әкімдігінің әлеуметтік желідегі парақшасында: «Тұғыл ауылдық дәрігерлік амбулаториясында стационарлық 7 адамға арналған күндізгі балалар және терапия бөлімі жұмыс істейді. Былтыр облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Ильяс Мұхамеджан мен облыстық мәслихаттың хатшысы Денис Рыпаков келіп, жөндеу жұмыстарын жүргізуге көмектесетінін айтқан. Алайда облыстық Денсаулық сақтау басқармасы тарапынан смета жасауға қаржы бөлін-

бегендіктен, бұл іс қолға алынбады. Қазір Тұғыл ауылында халық саны жылдан-жылға азайып келеді. Бекітілген тұрғындар регистрі бойынша былтыр 4 656 адам болса, биыл 4 352 адам болды. 304 адамға азайып отыр. Сондықтан қосымша штат беру мәселесі шешілмейді» деп жауап жазған болатын.

## ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕР АУЫЛДА БОСАНҒЫСЫ КЕЛМЕЙДІ

«Қайда барсан Қорқыттың көрі» демекші, Өскеменнен 500 шақырымға жуық жерде, шекараның шебінде, елдің шеті, желдің өтінде орналасқан Марқакөл өңірінде де — осыған ұқсас мәселе. Бұрынғы Марқакөл ауданының орталығы Марқакөл ауылында аудан тарағанға дейін үлкен аурухана болғаны белгілі. Мұндағы перзентхана бөлімі 2012 жылы жабылған. Сондықтан бұл өңірдегі аналардың бәрі нәрестелерін өмірге әкелу үшін Өскеменге баруға мәжбүр. 2017 жылы облыс әкімі

Даниал Ахметов Күршім ауданына жұмыс сапарымен келіп, Марқакөл өңіріндегі жұртшылықпен жүздескенде көл жағасындағы Ұранқай ауылының 70 жастан асқан тұрғыны Валентина Сосновских «Марқакөл ауылындағы ауруханада жабылып қалған перзентхананы қайта ашса, шалғайдағы өңірдің аналарына көп көмек болар еді. Әйтпесе, 200 шақырымнан асатын аудан орталығы Күршім мен 500 шақырымға жуық жердегі Өскеменге жету оңайға соқпай тұр. Осы мәселені шешуге жәрдемдессеніз» деп өтініш айтты. Киырдағы қарияның сөзі әсер етті ме, әлде шалғай елді мекендегі аурухананың жағдайына бұрыннан қанық па, Ұранқайдан кейін бірден Марқакөл ауылын бетке алып, ондағы емхана жұмыспен кездесіп, рентген, УЗИ кабинеттерімен танысып: «Ауылдық аурухананы күрделі жөндеуден өткізуге 80 миллион теңге қаржы бөлеміз. Күршім аудандық ауруханасының бас дәрігеріне 10 орындық перзентхана ашуды тапсырамын» деген еді. Содан бері 4 жыл өтті. Мәселенің мән-жайын білейік деп Күршім аудандық ауруханасы бас дәрігерінің міндетін атқарушы Ләйлім Шоқаеваға хабарласқанымызда, 10 төсек-орындық перзентхана ашу жөнінде тапсырма болғанын, алайда мұның тиімсіз екенін жеткізді. «2020 жылы Марқакөл ауылында бір ғана әйел босанған. 2021 жылы бірде-бір әйел босанған жоқ. Жасыратыны жоқ, көбі қалаға кетіп қалады, кейбірі Күршімде босанады. Денсаулықтары әлсіз болған соң Өскемендегі Ана мен бала орталығына жібертізеді. Мәселен, ауданда жылына 390 бала дүниеге келе, соның 60-70-і ғана Күршімде, қалғандары қалаға босанады. Кейде тұрғындарды да түсінбей қаласың, өздері сұрайды да, өздері қалаға тартып отырады» деген ол Күршім ауданы бойынша 10 төсек-орындық перзентхана бар екенін, оның сегізі аудан орталығында жұмыс істеп тұрғанын, екеуі Марқакөлде ашылғанын тілге тиек етті.

«Марқакөл ауруханасына 2020 жылы 67 миллион теңгеге перзентхана бөлімшесімен бірге күрделі жөндеу жүргізіліпті. Мұнда бір гинеколог, бір акушер, бір бала дәрігері бар екен. Енді төрт акушер қажет», — дейді Ләйлім Шоқаева.

Осы ауылдың тұрғыны, журналист Абзалбек Мұхамеджановтың пікірінше, жергілікті дәрігерлер жүкті әйелдерді

қалаға жіберуге асығып тұрады. «Жүкті болған әйелдер мұнда тіркелсе бір ай бұрын Өскеменге қуып жібереді. Менің екі келінім де бір ай жатып, Өскеменде босанып келді. Жарайлы, менің Өскеменде балаларым бар. Баратын үйі бар. Баратын жері жок адамдар не істейді сонда?», — дейді ол.

## АБЫРАЛЫ МЕН ШҰБАРТАУДА ДА ПЕРЗЕНТХАНА ЖОҚ

Ал бұрын өз алдына аудан болған, бүгінде бірі Семей қаласына, бірі Аягөз ауданына қарайтын Абыралы және Шұбартау өңірлерінде қазір бірде-бір перзентхана жұмыс істемейді. Мәселен, бұрынғы Абыралы ауданының орталығы Қайнар ауылындағы шағын ауруханада босанатын әйелдерге арналған бір ғана төсек бар екен. «Мұның өзі шұғыл жағдайда босанатын аналарға лайықталған. Негізі аяғы ауыр әйелдерді 15 күн бұрын қалаға жібереміз. Бұрын Қайнарда 10 орындық перзентхана болған. Кейіннен қысқартылды. Қайта ашылса жақсы-ақ болар еді», — дейді Абыралы ауруханасының бас дәрігері Әкімбай Шақантаев.

Абыралы — сан жыл Семей полигонының зардабын тартқан аймақ. Әлі де ядролық сынақтың зардап-зияны жойылған жоқ. «Перзентхана да қажет қой. Бірақ Абыралыға қазіргі жағдайда өңір тұрғындарының денсаулығын зерттеп, көмек көрсететін оналту орталығы аса қажет. Ең болмағанда, 10 орындық орталық салынса, полигоннан зардап шеккен тұрғындарға үлкен көмек болар еді, әрі жана жұмыс орындары ашылатын еді», — дейді бас дәрігер.

Бұрын өз алдына аудан болған, бүгінде Аягөз ауданына қарайтын Шұбартау өңірінде де осы кеп. Перзентхана дегеніңіз атымен жоқ. Бұл аймақтың аналары босану үшін 300 шақырым (Аягөз), 500 шақырым (Семей) жол жүруге мәжбүр. Жол демекші, Шұбартаудың ой-шұңқыры көп жолдары өз алдына бөлек әңгіме. «Шұбартаудың аналары негізінен Аягөз қаласында босанады. Баршатау ауылындағы амбулаторияда бір акушер бар», — дейді Баршатау (бұрынғы аудан орталығы) ауылындағы дәрігерлік амбулаторияның меңгерушісі.

Азамат ҚАСЫМ,

Шығыс Қазақстан облысы

# Шаруалар биыл да СУСЫЗ ҚАЛА МА?

Ақпан айы келді дегенше, шаруалар көктемгі дала жұмыстарына қамданатыны белгілі. Алайда несібесін қара жерден теріп жеген қамбылдық еңбеккерлерді жылда ағын су мәселесі қос бүйірден қысады. Қырғыз ағайынға алақан жайып, көзді Киров су қоймасына тігетін диқандар биыл да бұл түйтілмеген бетпе-бет келетін секілді. Өйткені құрылысы үшінші жылға созылған Райыс каналы биыл да шаруаларды ағын сумен жарылқамайын деп тұр. Міне, осы мәселе жандарына батқан диқандар канал басына жиналып, шу шығарды.



60-қа жуық шаруаның негізгі базынасы — канал құрылысының сапасыз жүргізілгені. Олардың сөзіне сүйенсек, қыруар қаржы жұмсалған каналдың құрылыс жобасы ау бастан дұрыс жасалмаған. Салдарынан құрылыс жұмыстары сыр беріп, арнаың бетон қабырғалары құлап қалған. Нәтижесінде, алқаптағы ағайын үш жылдан бері мардымды су тұтына алмайды. Егіні бітік шықпағандан кейін шаруалар шығынға белбешінен батып, балық өнімді не егершін, не екпесін білмей отыр. Өйткені Райыс каналынан су келмесе, еккен егіндері тағы құрап кетпек.

Жалпы, Жамбыл ауданы Айша бибі ауылдық округінде 3 098 гектар суармалы жер болса, соның тек жартысы ғана суарылады. Ал қалған бөлігіне Райыс каналынан келуі керек ағын су жетпей отыр. Сондықтан шаруалар биыл жер игеруге жүрексініп, ағын суға алаңдаулы.

— Канал құрылысы дұрыс жүргізілмегендіктен, шаруа қожалықтары ағын суға қол жеткізе алмай отыр. Мұндағы құрылыс жұмыстары 2021 жылы аяқталуы керек еді. Алайда тағы бір жылға созылды. Мен былтыр суға 1 миллион 300 мың теңге төледім. Бірақ шығынның жартысын да қайтара алмадым. Себебі қанып су ішпеген 120 гектарға еккен пісте мен жүгерінің жартысы құрап кетті, — дейді «Би-сұлтан» шаруа қожалығының басшысы Нұрғазы Омарқұлов.

— Өткен көктемде ағын су алу үшін «ҚазСуШар» мекемесімен келісімшартқа отырдым. Алайда су сол бойы келмеді. Каналдың жобасы дұрыс жасалмағандықтан, арнасына су сыймай, одан қалса құлаған қабырғаларынан ағын су далаға кетіп жатыр. Оның зардабын біз сияқты

Негізі, Райыс каналының суына тәуелді 170-тен аса қожалық иелерінің жанайқайы орынсыз дей алмайсың. Өйткені дәл осы мәселе облыс әкімдігінде өткен жиында қаралып, жауаптылардың жұмысы қатаң сынға алынған еді.

— Судың тапшылығы мен тым құрғақ климат бізді суға кететін шығынды азайтудың жөне егін өнімділігін арттырудың жана жолдарын іздеуге мәжбүр етуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, ирригациялық жұмыстарды қалпына келтіру және реконструкциялау бойынша түрлі жобалар Еуропалық қайта құру және даму банкі сияқты халықаралық компанияларды тарта отырып, жүзеге асырылуға. Алайда мердігерлер өз міндеттемелерін толық орындамай отыр. ЕКДБ болған қаржы көптеген жобала 50 пайызға да игерілмеді.

Көптеген учаскеде мердігерлер жоспарлы жұмысты кешіктіріп жатыр. Біз олардың уәдесін бірнеше рет естідік, бірақ айтарлықтай нәтиже болмай келеді. Енді бірер айдан кейін вегетациялық кезең басталады. Сол кезде мердігерлер келісімшарт мерзімін ұзартуды сұрайды. Бұл ақылға сыймайтын нәрсе, — деген облыс әкімі Бердібек Сапарбаев әрбір мердігерге міндеттемелерін шегелеп тұрып еске салды.

Сондай-ақ аймақ басшысы былтыр мердігерлердің салғырттығынан айналма каналдар салуға тура келгенін айтады. Ал бұл — уақыт пен қаржыны босқа кетіру.

Будан бөлек, Бердібек Машбекұлы Еуропалық қайта құру және даму банкі арқылы қолға алынған құрылыстарды арнайы бақылайтын жұмысшы тобы құрылатынын, ал келісімшарт талаптарын өрескел бұзған мердігерлердің мәселесі заң шеңберінде қаралатынын ескертті.

Әрине, талапты тапсырмалардың болғаны дұрыс. Бірақ сансыз ескертулер мен заң шеңберіндегі қорқытулардан әзірге нәтиже болмай тұрғанын облыс әкімінің өзі мойындап отыр. Енді мұндайда не істемек керек? Естеріңізде болса, бір жылдары Жуалы ауданындағы Көксай каналының арнасын айырқалапты ағайындар бөгеп, шаруаларды шырыл қактырған болатын. Кейіннен бұл мәселеге Үкімет үйіндегілер араласып, республикалық бюджеттен миллиардтаған қаржы қарап, каналдың арнасын кенейтіп берген еді. Бәлкім, үш жылдан бері бауын тапса, байлауын таппай келе жатқан Райыс каналының мәселесіне де министрліктегілер араласып, бір шешімін тауып берер. Әйтпесе, ағын судан таршылық көрген шаруалардың жанайқайын тындап, түйінін тарқатар облыста әзірге адам болмай тұр.

Саятжан САТЫЛҒАН,

Жамбыл облысы

# Қараусыз мал ұрлықты өршітті

Ақмола облысы аумағында иесіз жүретін ірі қара малы көбейді. Бұл жағдай өңірде мал ұрлығы мен жазатайым жол апаттарының санын көбейткен. Сонымен қатар тиісті құжатсыз ет пен мал өнімдерін базар мен сауда орындарына заңсыз саудалаушылардың саны артқан.

Шалғайдағы ауылдардан мал етін арзанға бағалаған алыпсатарларға «өй дер әже, қой дер қожа» болмай тұр. Ауылдағы қарапайым тұрғындарды қан қасқатқан күрделі мәселе әлі шешімін табар емес. Тұрғындардың да айтар өз уәжі бар. Жайылым жерлерді жетіспеушілігі, жаздағы қуаныштық пен жемшөптің шамадан тыс қымбаттығы қысқы уақытта малдың жол жиегін шиырлауына себеп болатынын айтады.

Полицияның дерегіне сенсек, облыс аумағында тек былтырдың өзінде трассада кездескен ірі қара малды қағып кеткен 93 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Салдарынан бір адам қаза тауып, 12 адам түрлі денгейдегі жарақат алған. Сондай-ақ теміржолға шығып кеткен ірі қара малдың кесірінен 34 пойыз шұғыл тоқтауға мәжбүр болған. Ал 10 оқиғада тоқтап үлгермеген пойыздар малды таптап өткені анықталды. Полицияның мәліметінше, бұл өз кезегінде ауылдағы малды арзанға сатып алып, қалаға қымбатқа өткізетіндердің санын еселей түскен.

## ҚАРАУСЫЗ МАЛДЫҢ ҚАРАСЫ КӨП

«Өкінішке қарай, облыс аумағында малды қараусыз әрі бағусыз қалдыратындар азаймай тұр. Малдың бағымдай, босып өз бетімен жүруі мал ұрлығына да, сондай-ақ жол-көлік оқиғаларына да еселене түсуіне ықпал етті. Бір жағынан бұл тиісті құжатсыз малды қалаға әкеліп, пайдаға құныққан алыпсатарлардың санын көбейтті. Мәселен, 28-29 қаңтар күні 700-ге жуық иесіз мал арнайы орынға қамалды. Жергілікті атқарушы органдар және ветеринария қызметкерлерімен бірлескен шара барысында Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 408-бабымен 135 хаттама толтырылды. Бұған қоса, төртпін сакшылары мал мен ет өнімін сатуға әкеле жатқан 45 көлікті тексерді. Оның 12-сі етті тиісті құжатсыз сатуға әкеле жатқаны анықталды. Сондай-ақ етті сату және өндірумен айналысатын 63 орынға тексеріс жүргізілді. Былтыр құқықбұзушыларды тексеру кезінде ветеринария заңдарының өрескел бұзылғаны Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 406-бабына сәйкес, 418 хаттама толтырылды. Ал малды иесіз қалдырғандар бойынша өткен жылы 4 286 адам өкімшілік жауапкершілікке тартылды», — дейді Ақмола облыстық Полиция департаменті баспасөз қызметінің жетекшісі Гүлнәр Пинчук.

## АУЫЛ ЖҰРТЫ МАЛЫН АРЗАНҒА САТУҒА МӘЖБҮР...

Мемлекеттік органдардың қағазбастылығынан ауыл тұрғындары қорасындағы адал ақы малын базарға пұлдан сата алмай отырғанын айтады. Бұл жағдай делдалдық еткен пысықайлардың оң жамбасына келген. Екі жақтың да тілін тапқандар жем ұшынан жалғасқан «бармақ басты, көз қыстымен» ауыл малын арзанға сатып, пайдаға белбешінен

батып отыр. Ауыл жұрты бұл жағдай қарапайым мал шаруашылығымен айналысатын адамдар мен шаруа қожалықтарына зиянын тигізетінін айтады.

«Малымен күн көрген қарапайым ауыл халқы дәл қазір жұтап отыр. Жайылым жер тапшы. Былтырғы қуаныштықтан кейін жемшөптің құны аспандап кеткен. Астықтың құны алтынмен таласып тұр. Сондықтан қыстың көзі қырауда болса да жемшөп болмаған соң қорадағы бес-алты қарасын далаға айдап шығады. Далада да шөп жоқ. Мал қар басаған жолдың жиегіндегі шөпті жемгенде қайтеді? Ыңырағы айналған мал көтерем болып, арам қатпас үшін ауыл жұрты малын тиын-тебенге өткізіп жатыр. Басқа амал жоқ. Ал ет пен малды қаладағы ет базарларына тасымалдау үшін мемлекеттік органдардың бітпейтін қағазбасты құжаттарын тапсыру керек. Қарапайым ауыл адамы еттің бағасын көтеруге мәжбүр болады. Өйткені ауылдағы аңғал жұрт алыпсатарларға етін ең көбі 1 650-1 700 теңгеден саудалайды. Ал алыпсатарлардан қымбатқа алған базардағылар оны 2 500 теңгеге дейін еркін сатады», — дейді ауыл тұрғыны Мират Ғалымов.

## ТИІСТІ САЛА БАСШЫЛАРЫНЫҢ АЙТАРЫ ЖОҚ...

Аталған мәселені облыстық Бөсекелестікті қорғау департаментінен білуді жөн көрдік. Департамент басшысы ет өткізетін ұсақ шаруалармен айналыспайтынын алға тартты.

«Біз мәселеге тек бөсекелестік тұрғыдан қараймыз. Ет бағасының және басқа да азық-түлік, жанар-жағармай құнын реттеуде ықпалымыз болғанымен, біз ірі шаруашылықтармен ғана жұмыс істейміз. Сондықтан ауылдағы қарапайым шаруалардың малы бойынша ештеңе істей алмаймыз», — дейді Ақмола облыстық департаментінің басшысы Олжас Мұратұлы.

Сауалдарымызға жауап іздеп облыстық Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшылығына, Ауыл шаруашылығы басқармасына хабарласқанымызбен, еш жауап ала алмадық.

P.S.

Сонымен, қай жағынан қарасақ та қарапайым ауыл жұртының жағдайы мез емес. Мал бағайым десе жемшөп қымбат, бақпай боз жіберсе айыппұлдан көз ашпайды. Сатайым десе төккен тері ақталмай арзанға кетеді. Бір сөзбен айтқанда, жергілікті атқарушы органдардың тарапынан бақылаудың жетіспеушілігі айқын сезіледі. Сондай-ақ заңдық тұрғыдан да қарастыратын жайттар аз емес.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,

Ақмола облысы





## Фристайл-могулдан алғашқы іріктеу кезеңі аяқталды

Бейжің Олимпиадасының алғашқы жарыс күнінде фристайл-могулдан ерлер және әйелдер арасындағы іріктеу жарысы аяқталды.

Бірінші іріктеу айналымында қазақстандық спортшылар алғашқы ондыққа енген жоқ. Ерлер арасында бақ сынаған Дмитрий Рейхерд 75.43 ұпаймен 12-орын алды. Павел Колмаков 74.09 ұпаймен 17-орыннан көрінді. Екі спортшымыз да іріктеу кезеңінің екінші айналымында сынға түседі.

Сондай-ақ фристайл-могулдан әйелдер арасындағы іріктеу бәсекесі де өз мәресіне жетті. Қазақстан

құрамасының атынан жарыс жолына шыққан Олеся Граур 57.18 ұпаймен 23-орынға тұрақтаса, Аяулым Әміренова 66.82 ұпаймен 16-орынға жайғасты. Ал Анастасия Городко жарысты аяқтай алмады.

Айта кетейік, іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша алғашқы ондыққа енген могулшылар финалға бірден жолдама алады.

А.ЖАСАНҰЛЫ

## Бас бапкер белгілі болды



Ауыр атлетикадан ұлттық құраманың бас бапкерлері тағайындалды.

Ерлер командасын Нұржан Смаханов, әйелдер командасын Иван Сивохин басқарады.

Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін Федерация ҰОК және Мәдениет және спорт комитетімен келісе отырып, Қазақстанның ұлттық құрамасын екі командаға — ерлер мен әйелдерге бөлу туралы шешім қабылдаған болатын.

— Бірінші кезекте Нұржан Дәуренбекұлын және Иван Павловичті тағайындауымен құттық-

тағым келеді! Олардың екеуі де жоғары профильді мамандар, құрама командада жұмыс тәжірибесі бар, ең бастысы — нәтижелер бар. Командалар биылғы жана жылда бірінші ОЖЖ кірісті. Елдегі эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына байланысты денсаулық жағдайымен барлық спортшылар толық қатыса алмады, бірақ біз 13 ақпанда басталатын екінші жиынға ұжымдар толық құрамда болады деп үміттенеміз, — деді ААФ Бас хатшысы Алдияр Нұралинов.

К.ҚАРҚЫН

## Алдағы Олимпиадаға енетін спорт түрлері талқыланды

Халықаралық олимпиадалық комитеті 2028 жылғы Лос-Анджелес Олимпиадасына енуі мүмкін спорт түрлерін атады. Бұл шешім ХОК сессиясында айтылды.

Жазғы Олимпиада бағдарламасына енген 28 спорт түріне скейт-бординг, серфинг, спорттық құзға өрмелеу бар.

Бокс, ауыр атлетика және қазіргі бөксайысқа байланысты нақты ше-

шім қабылданған жоқ. Халықаралық федерациялар олимпиадалық бағдарламадағы орнын сақтап қалу үшін реформаларды аяқтау қажет.

2023 жылы ұйымдастыру комитеті Лос-Анджелестегі Олимпиада бағдарламасына енетін қосымша спорт түрлерін ұсынуы мүмкін. Ойын бағдарламасына қатысты соңғы шешім 2024 жылдың желтоқсанында қабылданады.

Әбілмансұр ЖАСАН

Туризм және спорт индустриясын қолдау қоры мен «Астана» кәсіби спорт клубы» КК «Астана» футбол клубы және «Астана» кәсіби спорт клубының» бас директоры Есентаев Тастанбек Құтжанұлына аяулы анасы

Сара ЕСЕНТАЕВА Төлешқызының

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады. Анаңыздың жаны жәннатта болсын, Алла рақымына бөлесін.

# Кәсіпқой боксқа КЕТІП ЖАТҚАНДАР КӨП

Кейінгі екі-үш жыл көлемінде әуесқой бокстан кәсіпқойға ауысқан спортшылардың саны артты. Қызығы, сол оғандардың бірқатары әуесқойда да өнер көрсетіп жүр. Мұндай шешім пандемия уақытында қабылданды. Яғни, әуесқойда жүрген боксшылардың кәсіпқойда да өнер көрсетуіне рұқсат берілді.

Абылайхан ЖҰМАШ

Бұл мүмкіндікті Бекзат Нұрдәулетов, Бек Нұрмағамбет, Камшыбек Қонқабаев бастаған еліміздегі маңдайалды былғары қолғап шеберлері мүлт жіберген жоқ. Олардың көпшілігі көп ұзамай әртүрлі промоушенмен келісімшартқа отырды. Жакында тағы бір боксшы Абылайхан Жүсіпов Suleimen Promotions промоутерлік компаниясымен келісімшарт жасасты. Негізі ол кәсіпқой бокстағы дебютін 2020 жылдың қазан айында өткізген.

— Бұл шешімді әлем чемпионатынан кейін қабылдадым. Әуесқой бокстан түбегейлі кеттім демеймін. Бас бапкерге хабарласып, рұқсатын алдым. Алдағы уақытта ірі жарыстар қарсаңында ұлттық құрамамен жаттығатын жоспарым бар, — дейді Абылайхан.

Спортшының әңгімесінен байқағандарыңыздай, Жүсіпов екі ұйымда да төбе көрсетіп жүргісі келеді. Осы ретте Абылайхан секілді қадамға барған былғары қолғап шеберлерін атап өтейік. Бокстан ұлттық құрама капитаны, әлем чемпионаты мен Азия чемпионатының екі дүркін күміс жүлдегері Камшыбек Қонқабаев өткен жылдың тамыз айында кәсіпқой боксқа ауысты. Ол ұлыбританиялық MTK Global промоутерлік компаниясымен келісімшарт жасасты. Бірақ кәсіпқойға біржола бет бұрмағанын хабарлады. Өзінің айтуынша, мұндай қадамға кәсіпқой рингте бірнеше жекпе-жек өткізіп, Олимпиада ойындарының алдында тәжірибе жинау мақсатында барған.

Камшыбектің ізін ала өткен жылы Бекзат Нұрдәулетов те Ақтауда құрылған ADAL Promotions компаниясымен келісімшартқа отырды. Қазан айында дебюттік жекпе-жегі өткізді. Бүгінде оның кәсіпқой бокста үш жеңісі бар.

Бұрымдылардың арасында былтыр Ангелина Лукас құрамадағы жанжалдан кейін кәсіпқой боксқа бет бұрды. Қазақстандық боксшы 18 желтоқсанда елордадағы бокс кешінде бірінші жекпе-жегіне жеңіске жетті. 2021 жылы әуесқой боксшылар арасында әлем чемпионатына қатысқан Бек Нұрмағамбет те әлдеқашан кәсіпқой боксқа



ауысқандардың бірі. Дегенмен оның сол біріншіліктегі өнерін бокс мамандары төмен бағалады. Өйткені Бек Белградтағы турнирдің алғашқы айналымында бразилиялық Кено Мачадодан жеңіліп қалды. Жеңілісін себепін боксшының кәсіпқой боксқа ерте кеткенімен, жудырықтасу стилін өзгертенімен байланыстырды. Біз жоғарыда атап өткен боксшылардың барлығы қос ұйымда бағын сынап жүргендер. Бұлар кейінгі боксшыларға екі фронтта сәтті өнер көрсетудің жолын көрсеткісі келетіндер десек те болады.

Бір кездері бокстан Қазақстан ұлттық құрамасын жаттықтырған Ғалымбек Кенжебаев кәсіпқой боксқа ұлттық құрамала жүрген, болашағынан үміт күттіретін жас боксшылардың да көп ауысып жатқанын айтады. Ол көптеген талантты спортшылар промоутерлердің жетегіне еріп кететінін жасырмады. Расында бұрын әуесқой бокста белгілі бір дәрежеде жетістікке жеткен боксшылар кәсіпқойға кететін. Ал қазір 20-дан енді асқан жігіттердің өзі мұндай қадамға барудан қорықпайды. Бұған қарап жастардың көзқарасы өзгергенін байқауға болады. Болашақтары ойлайды, табыс тапқылары келеді.

Кәсіпқойға ауысқан боксшылардың кейбірі алдағы уақытта ұлттық құрама керек қылып, әлем чемпионаты, Олимпия ойындарына апаратын болса, қайта оралатынын, оған еш шектеу жоқ екенін айтады. Көпшілігі промоушенмен келісімшарт жасасарда ұлттық құрамадан шақырту түссе қайта бара алатындай келісім алған.

Бүгінде MTK Kazakhstan промоутерлік компаниясының қатарында бірнеше боксшы

өнер көрсетіп жүр. Атап айтар болсақ, Абай Төлеш, Виктор Коточигов, Рай Сейтжанов, Иса Акбербаев, Сапарбай Айдаров, Нұртас Әжбенов, Нұрдос Төлебай, Али Балоев, Сағадат Рахманқұлов, Нұржан Мақашбаев, Талғат Біртілеуов және т.б. бірқатар былғары қолғап шебері бар. Ал Suleimen Promotions промоутерлік компаниясында Айдос Ербосынұлы, Абылайхан Жүсіпов, ADAL Promotions компаниясында Бекзат Нұрдәулетов бастаған танымал спортшыларымыз бақ сынап жүр. Олардың саны биыл да арта түсері анық.

— Кәсіпқой боксқа кетіп жатқан боксшылардың шешімдерін құптаймын. Өйткені ұлттық құрамала үшінші немесе төртінші нөмірде өнер көрсетіп жүрген жігіттер тасада қалып, құр уақыт жоғалтып жатыр. Сол себепті көптеген талантты жастар шеберлігін мүмкіндігінше көрсете алмай жүр. Содан кейін жігіттер ерте болса да кәсіпқой боксқа ауысып, мықтылығын дәлелдегісі, танылғысы, табыс тапқысы келеді, — дейді спорт журналісі Әли Битөре.

Ал бокс жаттықтырушылары Қазақстандағы промоутерлік компаниялардың қазақ боксындағы талантты спортшыларды атағымен арбап, ақшамен қызықтырып алып кетіп жатқанын айтады. Әрине, олардың кәсіпқой бокс әлемінде атағы аспандап, жарқын жеңістерге жетіп жатқанына қуанамыз. Ол үшін оғандарымыздың мықты промоутерлік компаниямен жұмыс істегені дұрыс. Әйтпесе алғашқы екі-үш кездесуде әлсіз боксшыны төпелеп, кейін көрінбей кеткен боксшылар қаншама!?

# Гиннестің рекордтар кітабына енді

Дубайда өтіп жатқан EXPO-2020 көрмесінде Қазақстан павильоны «Әлем бейнесі» арт-жобасымен Гиннестің рекордтар кітабына енді. Сертификатты салтанатты тапсыру рәсімі Қазақстан павильонының сахнасында өтті.



«Әлем бейнесі» арт-жобасы — павильонға әлемнің түкпір-түкпірінен келген адамдар қылқалам және бояулардың көмегімен өз колтанбасын қалдырған Жер планетасының кенептегі түпбейнесі. Кенептің өлшемі планетамыздың кішірейтілген физикалық параметрлерінің ұзындығы мен еніне сәйкес келеді. Картинаның негізгі идеясы EXPO-2020 Dubai көрмесінің «Ақыл-ойды біріктіре отырып, болашақты қалыптастыру» тақырыбымен үндеседі. Арт-жобаның мақсаты — біздің ғаламшарымызда өмір сүретін адамдарды Ұлттық павильонның аумағында орналасқан бір өнер туындысы арқылы біріктіру. Картина — бейбітшілік, бірлік, үйлесімділік және достық сияқты құндылықтардың нышаны.

Бүгінде әлемнің 193 елінен келген 1 900-ден астам павильон қонақтары мен келушілері картина бетінде өздерінің «ізін» қалдырды. Олардың арасында әлемге танымал Голливуд актрисасы Бай Линг, америкалық кәсіпқой боксшы Рой Джонс, қазақстандық режиссер Тимур Бекмамбетов, ресейлік әнші Валерия, қазақстандық кәсіби велошабандоз Александр Винокуров және басқалары бар.

Көктем ҚАРҚЫН

NJM  
NUR MEDIA

AIQYN

Меншік иесі —  
«Айқын-Литер» ЖШС

Директор —  
Бақытжан ТҰРАЛЫБЕКОВ

Бас редактор —  
Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ —  
Бас редактордың

бірінші орынбасары

Гүлзина БЕКТАС —  
шығарушы редактор

Асқар БЕК —  
веб-сайт редакторы

Елдар ҚАБА —  
секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ПАШАЕР:

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —  
Ақмола облысы

Нұрболат АДЫРБЕК —  
Алматы қаласы

Түрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ —  
Атырау облысы

Саятхан САТЫАҒАН —  
Жамбыл облысы

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —  
Қарағанды облысы

Назғұл НАЗАРБЕК —  
Шымкент қаласы

Роза ШӘКЕН —  
Солтүстік Қазақстан облысы

Азамат ҚАСЫМ —  
Шығыс Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін — 15102

Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін — 55102

Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31

rekama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(777) 310 22 54, 8(7172) 72-95-39

podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4068

Алматы қ. «Дәуір» Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй  
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114